ki hər biriniz sizdän ol câhtlikni körgüzgäy tohtalmañına umsanıñ soñguga dirä “sizden her biriniz umudun tükenmesinin son noktasına kadar o çabayı gösterecek” [22, s. 572]

uzunluñu tizgä dirä “uzunluğu diz hizasına kadar” [31, s. 784]

ki körmägäy soñguga dirä “sonuna kadar görmeyecek” [22, s. 327; 414]

añlañız yılların cınslarınıñ çah cınska dirä “nesillerden nesillere kadar geçen yılları anlayınız” [22, s. 341; 428; 716]

suvsar çah boynuma dirä menim “sular boynuma ulaşıncaya kadar” [22, s. 394; 482; 770]

hıvatu anıñ çah bulutka dirä köknüñ “onun gücü gökyüzündeki bulutlara kadar” [22, s. 447]

da toğrulıñu anıñ oğlanlarından çah oğlanlarına dirä “ve onun adaleti nesillerinden nesillerine ulaşıncaya kadar” [22, s. 467]

çah tıbsızlıkınä dirä teñizniñ boğuldular “denizin dibine kadar (batıp) boğuldular” [22, s. 492; 780]

tek yalğız başlanganımıznı tohtalmañtan soñguga dirä bek tutalıñ “yalnız başladığımız işleri tamamlayıp bitirene kadar sıkı tutalım” [22, s. 570]

kiçilärdän ulularına dirä alarnıñ “onların küçüklerinden büyüklerine kadar” [22, s. 574]

meğä seniñ alnıña yerdän kökkä dirä “senin önünde yerden göğe ulaşacak kadar günah işledim” [21, s. 408]; *meğä yerdän kökkä a dirä* [33, s. 43]

yetiñmä sizgä dirä “size kadar yetişme(di)” [22, s. 540]

urdu barça burungilärin Ekibdosnuñ adamdan canavarga dirä “insandan canavara kadar Mısır'dakilerin hepsini yok etti” [30, s. 859]

kiñlär aytırlar edi: «Buzuñuz himinä dirä yetiştiriniñiz» “temeline kadar getirip sonra yok ediniz” diye kimler söylüyordu” [30, s. 860]

ki antuntkuna dirä teñizniñ battılar “denizin dibine kadar battılar” [30, s. 864]

Ermeni harfli Kıpçakça metinlerde tespit edilen *dirä* edatı, birkaç örnek haricinde yönelme hâli çekimli sözcüklerle örneklenmektedir. “ölçü ve miktar” bildirimi işlevinde işaret zamirleriyle birlikte kullanımı da söz konusudur. Bu kullanımlarda, semantik ve sentaktik kurgunun bir unsuru

¹⁵ Kudüs, Dalmaçya ve bu bölgeler arasında kalan coğrafya kastedilerek yer-yön bildiriminde bulunulmakla birlikte aynı zamanda gerçekleşen eylemin ölçüsü ve miktarı da ifade edilmek istenmektedir. *dirä* edatının buradaki kullanımına bağlı olarak bu örneğe hem “yer ve yön” hem de “ölçü ve miktar” sınıflandırmasında yer verilmiştir.

olarak işaret zamirlerinin *muñar* ~ *buñar* ve *añar* şeklinde yön gösterme hâli ile çekimlendiği görülmektedir:

muñar dirä bolganı yoĥ “Buna kadar olanı yok(tur)” [30, s. 1020]; [21, s. 865]

anıñ ülüşün atasınıñ-anasınıñ ĥardaşları saĥlagaylar añar dirä “onun payını babasının ve annesinin kardeşleri ona kadar muhafaza edecekler” [30, s. 1030]; [22, s. 892]

buñar dirä “buna kadar” [30, s. 1043].

Sonuç

Tarihî Kıpçakçanın 16-17. yüzyıllarda Ermeni harfleriyle Doĥu Avrupa’da meydana getirdiĥi yazılı metinler, zengin dil malzemesini barındırmaktadır. Bu metinler incelendiĥinde lengüistik unsurlarıyla Kıpçakçanın tarihî dönemine ışık tutmakta ve aynı zamanda çağdaş Kıpçak yazı dilleri arasında da önemli ölçüde izleri görülmektedir. Ermeni harfli Kıpçakça metinler aracılığıyla, Köktürkçeden Çaĥataycaya uzanan Tarihî Doĥu yazı dilleri ile Anadolu ve devamında Osmanlı sahasında geliřen Tarihî Batı yazı dilinin de kimi etkilerini takip edebilmekteyiz.

Bu çalışmada, çekim edatları arasında yer alan ve “-a kadar” manasını katan *dirä* edatı, Ermeni harfli Kıpçakça metinler özelinde ele alınmıştır. Çalışmanın verileri, *Kıpçakskoe Pis'mennoe Nasledie I - Katalog i teksti pamyatnikov Armyanskim pismom* (2002), *Kıpçakskoe Pis'mennoe Nasledie II - Pamyatniki duhovnoy kulturu Karaimov, Kumanov-Polovets i Armyano-Kıpçakov* (2007), *Kıpçakskoe Pis'mennoe Nasledie I- II* (2017), *Kıpçakskiy Slovar'* (2018), *Dictionnaire Armeno-Kiptchak I-IV* (1968-1972) ve *Algıř Bitigi* (2005) eserlerinin taranması sonucu elde edilmiştir.

Geçmişten günümüze Türk dilinin bütün yazı dili alanlarında tanıklanan edatlar, zamanla fonksiyonel düzlemde çeşitlilik kazanmış ve yeni leksik birimlerini de ortaya çıkarmıştır. Çekim edatları, üstlendikleri işlevlerle lengüistik bir unsur olarak sentaktik kurgu içinde semantik bir bağlayıcılıkla özel ve önemli bir yere sahiptirler. Bu durumu, 16-17. yüzyıllara ait Ermeni harfli Kıpçakça metinlerde sıklıkla örneklemek mümkündür.

Çalışmaya konu olan *dirä* çekim edatının incelenen metinlerden hareketle Ermeni Harfli Kıpçak Türkçesinde kullanımına dair řu sonuçlara ulaşılmıştır:

1. Zaman bildiren kelime + yönelme hâli + *dirä*

dirä çekim edatı, kendinden önceki yönelme hâli ile çekimli zaman bildiren kelimelerle kullanılmış ve bununla birlikte örneklerde tespit edildiĥi üzere bu yapıdaki kullanımlarda zaman alanını da sınırladığı görülmüştür.

2. Yer ve yön bildiren kelime + yönelme hâli + *dirä*

Dönem metinlerinde sınırlı sayıda örnekte *dirä* çekim edatının kendinden önce yönelme hâliyle çekimli yer ve yön bildiren kelimelerle beraber kullanılarak yer ve yön bildiriminde bir sınırlandırma işlevi kattığı tespit edilmiştir.

3. Ölçü ve miktar bildiren kelime + yönelme hâli + *dirä*

dirä çekim edatı, kendinden önceki kelime ve kelime gruplarıyla beraber kullanılarak ölçü ve miktar bildirimini ortaya çıkarmaktadır. Zaman, yer ve yön bildirimlerindeki gibi ölçü ve miktar bildiriminde de bir sınırlandırma işlevi kattığı görülmüştür.

4. İşaret zamiri + yön gösterme hâli + *dirä*

dirä çekim edatının yalnızca *muñar* ~ *buñar dirä* ve *añar dirä* şeklindeki kullanımında işaret zamirlerinin yön gösterme hâli ile çekimlendiĥi örneklenmektedir. Bu kullanımla da ölçü ve miktar bildirimi söz konusu olmaktadır.

İnceleme esnasında görülmüştür ki; dönem metinlerinde “-a kadar” manasını veren *deg* ~ *dek* ve *diyın* çekim edatlarının yanı sıra *dirä* çekim edatı da yaygın bir kullanım alanına sahiptir. Köken itibariyle *teg* ve *tegrü* ~ *tigrü* ile ilişkilendirdiğimiz bu edat, semantik ve sentaktik kurgunun önemli bir unsuru olarak çağdaş Kıpçak yazı dillerinde de kullanımını devam ettirmektedir.

Kısaltmalar

1. Tat. – Tatarca
2. Başk. – Başkurtça
3. Kırg. – Kırgızca
4. Kaz. – Kazakça
5. KKalp. – Karakalpakça
6. Nog. – Nogayca
7. KBalk. – Karaçay-Balkarca
8. Kum. – Kumukça
9. KırmT. – Kırım Tatarcası
10. Kar. – Karayca

KAYNAKÇA/REFERENCES

1. Öztürk A. Memlük Türkçesi Bir Kıpçak Lehçesi midir? [Polish Turkish: Is Mamluk Turkish a Kipchak Dialect?] // Dil Araştırmaları. – 2018. S: 23, s. 173-203. [in Turkish]
2. Hacıeminoğlu N. Türk Dilinde Edatlar, En Eski Türkçe Metinlerden Zamanımıza Kadar [Prepositions in the Turkish Language, From the Earliest Turkish Texts to Our Time]. 1. Baskı. – İstanbul: Millî Eğitim Basımevi, 1971. – 335 s. [in Turkish]
3. Gencan T.N. Dilbilgisi [Grammar]. 2. Baskı. – İstanbul: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1971. – 502 s. [in Turkish]
4. Banguoğlu T. Türkçenin Grameri [Grammar of Turkish]. 8. Baskı. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. – 628 s. [in Turkish]
5. Bilgegil M.K. Türkçe Dil Bilgisi [Turkish Language Knowledge]. 3. Baskı. – İstanbul: Dergâh Yayınları, 1984. – 308 s. [in Turkish]
6. Ediskun H. Türk Dilbilgisi [Turkish Grammar]. 3. Baskı. – İstanbul: Remzi Kitabevi, 1988. – 407 s. [in Turkish]
7. Ergin M. Türk Dil bilgisi [Turkish Language knowledge]. 18. Baskı. – İstanbul: Bayrak Basım, Yayım, Tanıtım, 1989. – 384 s. [in Turkish]
8. Oru, B. Oğuz Grubunda Edatlar [Prepositions in the Oguz Group]. – İstanbul: İstanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Doktora Tezi, 1994. – 710 s. [in Turkish]
9. Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi [Turkish Grammar]. 8. Baskı. – İstanbul: Engin Yayınevi, 1995. – 622 s. [in Turkish]
10. Gabain A. von. Eski Türkçenin Grameri [Grammar of the Old Turkish Language] / Çev. Mehmet Akalın. 2. Baskı. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1988. – 313 s. [in Turkish]
11. Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi) [Turkish Grammar of Turkey (Shape Information)]. 3. Baskı. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2009. – 1224 s. [in Turkish]
12. Can M. Dilbilgiselleşme ve Eski Uygurca Edatlar [Grammaticalization and Old Uighur Prepositions]. – Ankara: Hacettepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Doktora Tezi, 2016. – 185 s. [in Turkish]
13. Can M. Dilbilgiselleşme ve Edat Kavramı [Grammaticalization and the Concept of Preposition] // Hacettepe Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Dergisi. – 2017. S: 26. – S. 37–67. [in Turkish]
14. Hacıeminoğlu N. Türk Dilinde Edatlar, En Eski Türkçe Metinlerden Zamanımıza Kadar [Prepositions in the Turkish Language, From the Earliest Turkish Texts to Our Time]. 3. Baskı. – İstanbul: Millî Eğitim Gençlik ve Spor Bakanlığı Yayınları, 1984. – 335 s. [in Turkish]
15. Karaağaç G. Edat Üzerine Düşünceler [Thoughts on Preposition] // Gazi Türkiyat. – 2009. C: 1, S: 5. – S. 157–169. [in Turkish]
16. Tekin T. Orhon Türkçesi Grameri [Orkhon Turkish Grammar]. 2. Baskı. – İstanbul: Türk Dilleri Araştırmaları Dizisi 9, 2003. – 272 s. [in Turkish]
17. Hunutlu Ü. Türk Dilinde Çekim Edatlarının İsim Hâli Tercihleri [Noun Form Preferences of Inflectional Prepositions in Turkish Language] // Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi, – 2019. S: 8/1. – S. 133–158. [in Turkish]
18. Li Yong-Söng. Türk Dillerinde Sontakılar [Endings in Turkish Languages]. 1. Baskı. – İstanbul: Türk Dilleri Araştırmaları Dizisi 40, 2004. – 912 s. [in Turkish]

19. Alkaya E. Kuzey Grubu Türk Lehçelerinde Edatlar [Prepositions in Northern Polish of the Turkish Group]. – Elazığ: Fırat Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Doktora Tezi, 2002. – 666 s. [in Turkish]
20. Alkaya E. Kumuk Türkçesinde Edatlar [Prepositions in Kumuk Turkish] // Turkish Studies - International Periodical For The Languages, Literature and History of Turkish or Turkic, – 2013. С: 8, S: 9. – S. 177–205. [in Turkish]
21. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие [Kipchak written heritage]. В 3 томах. Изд. 2-е, переработанное и дополненное. Том I. Армянописьменные памятники, хранящиеся в Австрии [Armenian-written monuments preserved in Austria]. Часть 1. – Алматы: Баур, 2017. – 810 с. [in Russian]
22. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие [Kipchak written heritage]. Том II. Памятники духовной культуры караимов, куманов-половцев и армяно-кыпчаков [Monuments of spiritual culture of Karaites, Cumans-Cumans and Armenian-Kipchaks]. – Алматы: КАСЕАН; Баур, 2007. – 912. [in Russian]
23. Toparlı R., Vural H., Karaatlı R. Kıpçak Türkçesi Sözlüğü [Kipchak Turkish Dictionary]. 2. Baskı. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. – 338 s. [in Turkish]
24. Tarama Sözlüğü [Scanning Dictionary]. 2. Cilt. 2. Baskı. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1972. – 634 s. [in Turkish]
25. Schütz E. An Armeno-Kipchak Chronicle on The Polish-Turkish Wars in 1620–1621. – Budapest: Akadémiai Kiadó, 1968. – 217 p.
26. Öner M. Türkçede Edatlı (Sentaktik) İsim Çekimi [Prepositional (Syntactic) Noun Conjugation in Turkish] // Türk Dili, – 1999. S: 565, s. 10-18. [in Turkish]
27. Grønbech K. Komanisches Wörterbuch [Comanic Dictionary]. I. Vol. – Kopenhagen: Einar Munksgaard, 1942. – 315 s. [in Danish]
28. Öner M. Edatların ‘Karşılaştırma’ ve ‘Sınırlandırma’ Bağlantıları [The Connections of prepositions ‘Comparison’ and ‘Limitation’] // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-Belleten, – 2003. С: 43, S: 1999, s. 146-157. [in Turkish]
29. Yıldırım F. Anadolu Ağzlarında Sınırlama Gösteren Yapılar [Structures Showing Limitations in Anatolian Mouths] // Türk Dilleri Araştırmaları, – 2009. С: 19, s. 185–221. [in Turkish]
30. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие [Kipchak written heritage]. Том I. Каталог и тексты памятников армянским письмом [Catalog and texts of monuments in Armenian script]. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. – 1084 с.
31. Гаркавец А.Н. Кыпчакский словарь. По армянописьменным памятникам XVI–XVII веков [Kipchak dictionary. According to Armenian-written monuments of the XVI–XVII centuries]. Изд. 3-е, перераб. – Алматы: Баур, 2018. - 1788 с.
32. Tryjarski E. Dictionnaire Armeno-Kipchak d’arres trois manuscrits des collections Viennoises [Armeno-Kipchak dictionary of arres three manuscripts from the Viennese collections]. С. 1-4. – Warszawa: Państwowe Wydawnictwo Naukowe, 1968-1972. [in Polish]
33. Chirli N. Algış Bitigi [Algish Bitigi]. – Haarlem: Sota, 2003. – 225 s. [in Turkish]

ӘОЖ 81.373; МҒТАР 16.21.47

<https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.02>**Р.А. ДОСЖАН¹ , А.Б. СМАЙЛОВ²**¹филология ғылымдарының докторы,Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің профессоры
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: raidoszhan@gmail.com²филология ғылымдарының кандидатыАкадемик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: smayyl64@mail.ru**БИЛІК ЖӘНЕ ДАНАЛЫҚ ІЛІМІ**

Аңдатпа. Орта ғасырлар мұсылман әлемінде, соның ішінде түркі халықтарында білім мен ғылымның қарыштап дамыған кезеңі болды. Діни ілімнің қанат жаюымен бірге саяси-әлеуметтік салаларда да көптеген ғылыми ойлар дүниеге келді, солардың қатарында ел басқару өнері де бар еді. Мақалада ел басқару ісіне қатысты Құран аяттары мен хадистерден мысалдар келтіріле отырып, Ислам дәуірінде жасап, артына өшпестей із қалдырған Ж. Баласағұнидің «Құтты білік» дастаны, А. Йүгінекидің «Ғибат-ул хақайық» дастаны, Қайқауыс патшаның «Қабуснама» кітабы, әл-Фарабидің философиялық трактаттары, Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикмет», т.б. еңбектеріндегі ел басқару ісі және онымен тікелей сабақтасып жататын ақыл-парасат пен білім туралы мәселелерге талдаулар жасалады. «Құтты білігі» – қарапайым халықтан бастап патшаға дейін адамшылықтың, білімділіктің, ел басқару өнерінің қыр-сырын үйренуге болатын, мемлекетті гүлдендіруге жол сілтейтін даналық кітабы. Мұнда хан және оның қасындағы уәзір, сарай басшылары, қолбасшылар, елшілер сияқты ел басқару ісіне тікелей араласушылардың қандай дәрежеде болу керектігін олардың мінез-құлқымен, парасат, білімімен байланыстыра жырлайды. Ақын адамгершілікті, азаматтықты, имандылықты жеріне жеткізе жырлайды. Адамның қолы бақытқа жету үшін не керектің бәріне жан-жақты тоқталады. Әлеуметтік қоғамның қай саласын алсақ та, адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеудегі діннің көп ғасырлық қызметі көрініс береді. Ал осы қарым-қатынасты, сонымен қатар біз сөз еткелі отырған ел басқарудың үлгілерін де ислам дінінің қағидаларына негіздеуді дұрыс деп есептейді ғұлама ойшылдарымыз. Арада көп ғасырлар өтсе де, өзінің құндылығын сақтап келе жатқан бабалар тағылымы, өзегі үзілмеген құнды мұра ретінде қарастырылады және оның бүгінгі күн үшін де маңыздылығы әр қырынан сөз етіледі.

Кілт сөздер: ел басқару, білім, адамгершілік, даналық сөздер, ақыл-кеңес.

R.A. Doszhan¹, A.B. Smailov²¹Doctor of Philological Sciences, Professorof Peoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: raidoszhan@gmail.com²Candidate of Philological SciencesPeoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: smayyl64@mail.ru***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**Досжан Р.А., Смайлов А.Б. Билік және даналық ілімі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 21–33. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.02>***Cite us correctly:**Doszhan R.A., Smailov A.B. Bilik jane danalyq ilimi [Power and Knowledge of Wisdom] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №2(128). – B. 21–33. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.02>

Power and Knowledge of Wisdom

Abstract. The Middle Ages were a period of rapid development of education and science in the Muslim world, including among the Turkic peoples. Along with the spread of religious teachings in the political and social spheres, many scientific ideas were born, including the art of governing the country. The article cites verses from the Qur'an and hadith concerning the government of the country and left an indelible mark on the Islamic era. Epos of Balasaguni «Kutty Bilik», epos of A. Yugneki «Hibat-ul Hakaik», the book of King Kaikawis «Qabusnama», philosophical treatises of al-Farabi, «Divani Hikmet» by Khoja Ahmed Yassawi and others. «Kutty Bilik» – a book of wisdom from the common people to the king, in which you can learn the subtleties of humanity, education, the art of governing the country, the way to the prosperity of the state. Hereabouts the khan and his vizier, the palace leaders, the generals, the ambassadors, to the extent that they should be directly involved in the government of the country, correlate their behavior, intelligence, and knowledge. The poet sings of morality, humanity, spirituality. Comprehensively focuses on everything that is needed to achieve happiness. Whatever sphere of social society we take, the centuries-old activity of religion in regulating relations between people manifests itself. These relations, as well as the models of governance of the country that we are talking about, we consider it right to base on the principles of Islam, our thinkers believe. Into his works, they analyze the issues of governing the country and issues of intelligence and education that are directly related to this. Although many centuries have passed, the teachings of our ancestors, which have retained their value, are considered an inalienable legacy, and their significance today is discussed in different ways.

Keywords: country governance, education, morality, wisdom words, advice.

Р.А. Досжан¹, А.Б. Смайлов²

¹доктор филологических наук

профессор Университета дружбы народов имени академика А. Куатбекова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: raidoszhan@gmail.com

²кандидат филологических наук

Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: smayul64@mail.ru

Власть и знание о мудрости

Аннотация. Средние века были периодом бурного развития образования и науки в мусульманском мире, в том числе у тюркских народов. Наряду с распространением религиозных учений в политической и социальной сферах зародилось множество научных идей, в том числе искусство управления страной. В статье цитируются аяты из Корана и хадисы, касающиеся управления страной, и они оставили неизгладимый след в исламской эпохе. Эпос Баласагуни «Кутты билик», Эпос А. Югнеки «Хибат-уль Хакайик», книга короля Кайкауса «Кабуснама», философские трактаты аль-Фараби, «Дивани Хикмет» Ходжи Ахмеда Яссави и другие. «Кутты билиг» – книга мудрости от простого народа до царя, в которой можно научиться тонкостям человечности, образованности, искусству управления страной, путь к процветанию государства. Здесь хан и его визирь, дворцовые вожди, полководцы, послы в той степени, в какой они должны быть непосредственно вовлечены в управление страной, соотносят их поведение, разум, знания. Поэт воспевает нравственность, человечность, духовность. Всесторонне останавливается на всем, что нужно для достижения счастья. Какую бы сферу социального общества мы ни взяли, проявляется многовековая деятельность религии в регулировании отношений между людьми. А эти отношения, а также модели управления страной, о которых мы говорим, мы считаем правильными основывать на

принципах ислама, считают наши мыслители. В своих работах они анализируют вопросы управления страной, вопросы формирования интеллекта и образования, которые непосредственно с этим связаны. Хотя прошло много веков, учения наших предков, сохранившие свою ценность, считаются неотъемлемым наследием, и их значимость на сегодняшний день обсуждаются с разных позиций.

Ключевые слова: управление, образование, мораль, слова мудрости, совет.

Кіріспе

Жаңа мыңжылдықтың бастау алуы қоғамның дамуына ғана өзгерістер алып келген жоқ, ғылымға да біршама өзгерістер әкелді. Солардың ішінде тіл білімінде қарқынды дамып келе жатқан антропоцентристік бағыт басымдыққа ие болды. Антропоцентристік парадигма бұрыннан белгілі классикалық (структуралық) зерттеулерден бөлек таным объектісінен гөрі, таным субъектісін, яғни тілді адам болмысымен өзара бірлікте қарастыруды мақсат етеді. Адам – дара тұлға. Дара тұлғаның шығармашылық санасы арқылы ақиқат дүниеге қарым-қатынасы танылады. Дара тұлғаның танымын айқындау когнитивтік лингвистиканың негізгі нысаны болып табылады.

«Тек ұлт емес, белгілі бір ұлттың өкілі ретіндегі жеке адам тұлғасы да оның тілінен көрінеді. Әрбір халық тілінің сөздік қорында, сол ұлт үшін, ұлттың өкілі тілдік тұлға үшін бағалы болып табылатын, аксиологиялық-бағалау жүйесін құрайтын, әрбір тілдік тұлғаның ерекше қадірлеп-қастерлейтін, өзек ұғымдарды таңбалайтын сөздердің жиынтығы болады. Олар көбінесе мәдени ореолы бар сөздерге жатады.

Мәдени ореолды ұғыну дегеніміз фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді, ұлт ұғымымен тұтастықтағы, ұлттық сипаттағы сөздерді (салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық, бір сөзбен айтқанда, ұлттық-мәдени қабатты) білу деген сөз, өйткені ұлттың өзі осы ұлттық ұғымдармен ассоциацияланады», - дейді ғалым Б. Момынова [1, 18–19-бб.].

Қазіргі таңда ұлттық мәдениетті, ұлттық дүниетаным мен ойлау жүйесін сол ұлттың тіліне сүйене келіп, зерделеу тіл тарихына үңіле отырып, материалы мол, мазмұны терең, көркем де құнарлы халық қазынасы арқылы қалыптасқан мәдениетті таразылау қажеттілігін туғызып отыр. Тарих қойнауынан өз жалғастығын тауып келе жатқан мақал-мәтелдердің, нақыл, қанатты сөздердің тарихи қалыптасуын, ең алдымен, көне дәуірлерден бері сақталып келе жатқан жазба әдеби ескерткіштердің тілдік деректерін жан-жақты зерттеу арқылы ғана анықтауға болады. Мұндай тілдік бірліктердің бойында бабаларымыз ұрпағына мирас етіп қалдырған дүниетанымдық көзқарастары, өмірлік тәжірибелерінен туындаған ақыл-ойы мен даналығы, шешендігі мен тапқырлығының негізі жатыр.

Осы мақалада орта ғасырлардағы ғұламалардың еңбектеріндегі ел басқару ісі жайлы паремиялық бірліктерге зерттеу-талдау жасадық. Дүниенің тілдік бейнесін көрсететін жазба ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді танымдық тұрғыдан қарастыру тілдің ұлттық сипатын анықтауға мүмкіндік береді.

Ел басқару ісі – үлкен жауапкершілік, өйткені жеке адамдардан бастап, бүтіндей халық өз тағдырын басшысына тапсырады. Көсемінің қателігінен немесе іске қырсыздығынан жойылып кеткен халықтар бар, сондай-ақ басшысының ақылы мен қайратының арқасында аш, жалаңаш күйден мәдениет биігіне көтерілген елдер де аз емес тарихта. Сондықтан өткенін саралап, болашағын айқындау – ел болам деген ұжымның аса жауапты міндеті. Біз білетін дәуірлерде даналар мен ғұламалар бұл жөнінде де ой толғап, артындағы ұрпағына, халқына, тіпті баршадан асып, адамзат баласына үлгі болар еңбектер қалдырған. Бүгінге дейін өзінің құндылығын жоймаған бұл еңбектерді қай кезде де ұрпаққа үлгі, жолбасшы ретінде ұсынып отыру артықтық етпейді. Пайғамбардан (с.а.у.) жеткен «Сендер қандай болсаңдар, солай басқарыласыңдар» дейтін хадисте сөз еткелі отырған тақырыбымызға

қатысты терең тағылым бар. Басшы да адам, пенде, барлығын бірдей көріп отыру мүмкін емес, оның да кемшілігі болады, сондықтан орайын тауып ой тастау, кеңес беріп, дұрыс бағыт нұсқап отыру – бабалардан қалған ұлы дәстүр. Бергі замандағы хандардың айналасында жүрген кеңесшілер, би, шешендер өмірінен сол үзілмеген дәстүрдің асыл арқауын көреміз.

Ел басқарудың жүйелі үлгілері ауызша ғана емес, жазу нұсқасында да жеткен екен, енді сол еңбектерге тоқталып көрелік.

Ерте орта ғасыр кезеңіндегі ұлы тұлғалардың бірі ойшыл, ғұлама, ақын Ж. Баласағұнидің «Құтты біліг» дастаны – кезінде жер-жерге тарап, өзінің жоғары бағасын алған, түркі дүниесінің ең көлемді де, құнды жазба мұраларының бірі.

Бұл жазба мұраны аударған ғалымдардың бірі – Ә. Құрышжанұлы. Ғалым дастанның аудармасына, әрбір көне сөздің мағынасына көңіл бөліп, дәл баламасын беруге тырысқан. Сондықтан мақаладағы мысалдар Ә. Құрышжанұлының аудармасынан алынды.

«Бұл кітап қай патшалыққа я қай тарапқа жетсе де, оның ерекше шеберлігіне қарай, шексіз сұлу өрнекпен жазылғандығына орай сол елдердің данышпандары, ғалымдары оны қабыл алды да, әрқайсысы әртүрлі ат берді: Шын еліндегілер «Абаду-л-мүлүк» («Патшалардың әдептілігі») деген ат берді; Машын патшасының дос-жарандары «Айину-л-мамлакат» («Мемлекеттің қамын жеуші») деп атады; Шығыс елдерінде «Зийнату-л-умара» («Патшалардың көркі») деп айтты; Ирандықтар «Шаһнама-и Түрки» («Түркі Шаһнамасы») деді; кейбіреулер «Панднаме-и мулук» («Патшаларға арналған ақыл-кеңес кітабы» дейді екен; Тұрандықтар «Құтадғу білік» («Құт әкелетін білім») деп айтыпты [3, 3-б.].

Кезінде осындай жоғары баға берген ескерткіш – күллі түркі дүниесінің, оның ішінде қазақ халқының да мақтанышы, баға жетпес асыл мұрасы. «Құтадғу білік» қарапайым халықтан бастап патшаға дейін адамшылықтың, білімділіктің, ел басқару өнерінің қырсырын үйренуге болатын, мемлекетті гүлдендіруге жол сілтейтін даналық кітабы екені рас. Мұнда хан және оның қасындағы уәзір, сарай басшылары, қолбасшылар, елшілер сияқты ел басқару ісіне тікелей араласушылардың қандай дәрежеде болу керектігін олардың мінез-құлқымен, парасат-білімімен байланыстыра жырлайды.

*Барлық істе білім – пайда әуелі,
Ол болмаса – бұзылар іс әуені* (ҚБ 4285).

*Бір білімді айтқан екен, құлақ тұр,
Білімдінің сөзі – жақұт, асыл дүр* (5034).

«Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» деп ұлы Абай тегін айтпаған. Даналардың сөзінің қадір-қасиетін түсініп, барлық елдің, білімсіз надандардың санасына жетсе екен деген асыл мұраттан туындаған. Мұндағы айтайын дегені: «Адамның қадір-қасиеті білімі арқылы белгілі болады».

Дастанда айтылған ойлар, өсиет-өнеге, даналық сөздер, ақыл-кеңес төрт кейіпкердің айналасында өрбиді: бірі – әділет, оған «Күнтоғды еліг» атын беріп, патша орнына қойыпты; екіншісі – бақыт, «Айтолды» деп ат беріп, уәзір орнына қойыпты; үшіншісі – ақыл, «Өгдүлміш» атын беріп, уәзірдің ұлы есебінде таныпты; төртіншісі – қанағат, оған «Одғұрмыш» атын беріп, (Өгдүлміштің) туысқаны деп айтыпты. Осылардың арасында өзара сауалдар беріліп, жауаптар қайтарып, осылай өзара болған әңгіме туралы айтылады.

«Құтадғу білік» дастаны лингвистикалық тұрғыдан әртүрлі деңгейде зерттеліп келеді, дегенмен мақаламызда осы уақытқа дейін зерттеу нысаны болмаған ел басқару ісі төңірегінде зерттеу-талдау жасадық. Өзге де орта ғасыр ойшылдарының еңбектерімен салыстыра отырып, қазақ халқының таным-түсінігіндегі сабақтастықты көрсетуге тырыстық.

Зерттеу әдістері

Мақалаға негіз болған орта ғасырлардағы ғұламалардың еңбектеріндегі ел басқару ісі және онымен тікелей сабақтасып жататын ақыл-парасат пен білім туралы мәселелерге талдаулар жасау мақсатында тарихи салыстырмалы әдіс қолданылды.

Қарапайым халықтан патшаға дейін адамгершіліктің, білімділіктің, ел басқару өнерінің қыр-сырын үйрену қажеттігін саралай келе, мемлекетті гүлдендіруді басшылыққа алатын даналықты әрі ел басқару ісіне тікелей араласушылардың қандай дәрежеге қол жеткізу керектігін нақтылау үшін адалдықты, азаматтықты, имандылықты жырға қосқан мәтінді талдау әдістері қолданылды.

Талдау мен нәтижелер

Орта ғасыр ойшылдарының басты мақсаты – бақытты қоғам құру, соған сай адамгершілігі жоғары, рухани дүниесі бай ұрпақ қалыптастыру. «Құтадғу білік» дастанында да бақытты мемлекет құрудың негізгі принциптері төрт құндылықтың атымен байланыстырылады. Алдымен – әділетті патша, екінші – елдегі құт-береке, үшінші – ақыл-парасат пен білім, төртінші – қанағат, ынсап.

Бұл еңбектің жазылуы түркі мәдениетінің гүлденіп, ғылым мен өнердің дамып, ислам дінінің қанат жаюымен орайлас дүниеге келгендіктен, мұнда Құранмен, Мұхаммед (с.а.у.) Пайғамбарымыздың хадистерімен байланысты ислам дінінен, хадистерден алынған мол ғибратты ілімнің нәтижесінде туған нақыл сөздер көп. Өмірден естігені, түйгені мол, білімдар, даналардың сөздері қамтылған:

*Бір әулие сөз айтыпты сынайтын,
Қарап тұрсаң, сөзі жақсы ұнайтын:
Адам өссе, бас ауру да өседі,
«Басқа қарай бөрік киер» деседі (425, 427).*

*Бір білімдар айтып кеткен деседі:
«Әділ бектің халқы байып өседі» (4976).*

*Елдің бегін, тыңда қане, не дейді:
«Әлем билеу үшін керек парасат,
Ел билеуге ақыл-жүрек жарасад.
Зердесімен ұстайды адам әлемді,
Білімменен билейді екен әр елді» (214–215).*

Даналардың сөзінде: адамдар ақыл-парасатына сай қызмет етеді, соған орай жауапкершілік те үлкейеді, әлемді билеу үшін тағы да ақыл-парасат, имандылық, білім керек екені айтылады. Ислам дінінде білім алуға ерекше мән беріледі, себебі адамның адамгершілік қасиеттерінің, көркем мінез-құлқының қалыптасуында діннің рөлі жоғары. Білімді адам әр ісінде ислам шарттарын, қағидаларын, талаптарын ұстанады. Сондықтан пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) хадисінде: «Бір сағат білім үйрену – бір кеш бойы құлшылық етуден жақсы, бір күн бойы дәріс алу – үш ай нәпіл ораза тұтқаннан жақсы», – дейді.

Ақын адамгершілікті, азаматтықты, имандылықты жеріне жеткізе жырлайды. Адамның қолы бақытқа жету үшін не керектің бәріне жан-жақты тоқталады. Әуелі жеке адамның басына, өзге адамдармен, әртүрлі әлеуметтік топтармен қалай қарым-қатынас жасау, басқару жағы, басшылардың өзі қандай болу керек және қол астындағы адамдар қандай болу керек деген сауалдарға жауап береді. Ең алдымен, ақын:

*Құдай қылса – биіктейді кісі де,
Күнде бітер тілегі де, ісі де.
Құдай берсе – халық күшпен ала алмас,*

Көк те, жер де оған тоқтам сала алмас.

Ең алдымен, арқа тұтса Алланы,

Әр адамның тынар ойға алғаны (1770), – деп барлық істің, оның ішінде адамның биіктеуінің, яғни билікке қол жеткізуінің де Аллаға қатысты екендігін баса айтады. Бұл жайында «Имран» сүресінде Мұхаммед (с.а.у.): «Ей, бүкіл мүлік Иесі Алла тағала! Патшалықты қалаған адамыңа бересің, ұнатпаған адамыңнан билікті де аласың. Сондай-ақ кімді қаласаң ардақтайсың да, қаламасаң қорлайсың. Бар жақсылық Өз қолыңда, күдіретті күшің бәріне толық жетеді». Түнді күндізге айналдырасың да, күндізді түнге айналдырасың. Сондай-ақ өліден тіріні шығарып, тіріден өліні шығарасың. Және қалаған пендеге сансыз дәулет-ризық бересің... [4, 111-б.], – деп жазылған. Ақынның ойы осы сүренің мағынасымен ұштасып жатқандығын аңғаруға болады.

Жақсы, идеалды адамның бойында болуға тиісті жақсы қасиеттерді жаман қасиеттермен қарама-қарсы шендестіру қанатты сөздердің мазмұнынан анық аңғарылады:

Ессіз басшы билесе – ел-жұрт шөгеді,

Ел азады, халық азап шегеді.

Ел билеуші есті болса, білімді, –

Береке орнап, елге нұрын себеді (1750).

Халықтың бақытты өмір сүруі тікелей басшыға байланысты деген уәж айтылады. Біріншіден, басшы ақылды, білімді, есті болса дейді. Ессіз басшы мен есті басшының ел билеудегі рөліне ерекше мән береді. Елдің берекелі болып, жақсы өмір сүруі басшысына байланысты. Халықтың арманынан туындаған осы сынды нақыл сөздер бүгінде мақал-мәтелдерге айналған. «Ақылды басшың болса, адаспасың», «Патша залым болса, жұрт тозады, патша ғалым болса, жұрт озады», «Жақсыдан әкім қойсаң, елді түзетер, жаманнан әкім қойсаң, елді жүдетер», т.б. Сондықтан қай дәуірде айтылса да, халық ой-парасатынан, өмірлік тәжірибесінен туындаған ғибратты сөздер – даналықтың қайнар бұлағы.

Адамзат баласының тарихында діннің өзіндік орны бар. Адамгершілікті, ізгілікті қалыптастыруға және игі мұраттар мен адамзаттық рухани құндылықтарды қабылдауға ең пәрменді тәсілі ретінде ғасырлар бойы қызмет етіп келеді. Әлеуметтік қоғамның қай саласын алсақ та, адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеудегі діннің көп ғасырлық қызметі көрініс береді. Ал осы қарым-қатынасты, сонымен қатар біз сөз еткелі отырған ел басқарудың үлгілерін де ислам дінінің қағидаларына негіздеуді дұрыс деп есептейді ғұлама ойшылдарымыз.

Адамзат дүниені тану, оны қабылдау арқылы ғалам бейнесі туралы санада тұжырым жасап, оны таңба арқылы бейнелейді. Бұл тілде сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер, қанатты сөздер арқылы көрініс береді.

Бабалар даналығында бақытқа жету мен оны ұстап тұрудың бірден-бір жолы ақылды болу, ал ақылды болу үшін білімді болу керек екені айтылады: «Білімдіден ақыл шығар, ақылды қарттан нақыл шығар», «Білім – бұлақ, ақыл – жағалай біткен құрақ», т.б. даналық түйіндер соның айғағы.

«Құтты білік» дастанында билік құрған басшыларға қойылатын талаптар жайлы айтылады. Басшы байлығына масаттанып, көкірек болмасын, себебі халық қарапайымдылықты қалайды.

Сен көкіме қазынаңды көргенде, ер,

Әскер, жасақ, малың түтеп өргенде, ер.

Бір шыбынға билік қыла алмаған,

Күшке маз боп, көкірегін кергендер! (5105).

Басшы іскер болса, өзінің де, халықтың да жағдайы жақсы. Патша өзінің әскеріне де оң көзбен қараса, ертең сенімін ақтап, айтқанын орындап, бүлікті басады. Халық қай кезде де әділдікті қолдайды, себебі әділетті қоғамда адам құқығы сақталатынын біледі.

*Елдің ісін салсаң жақсы қалыпқа,
Ертең тыныш сен өзің де, халық та (5389).*

*«Болам десең елден үстем, сақтап құт,
Оның үшін әскеріңді сақтап күт.
Оны мәз ғып, қалауыңды талап ет,
Жау мойынын ій, бар ойыңды ақтап тұт!»
Баға білсең, қалың әскер ереді,
Керек күні тәтті жанын береді (5367–5369).*

Патшаның бойына тән ең жақсы қасиеттердің бірі – әділдік.

*Елге әділдік қыла білсең, жақсы ұлық,
Тиер саған дұғаменен жақсылық.
Бастап Құдай қуаныштың өріне,
Сен шығасың екі Жалған төріне!*

*Сергек өмір бекке керек жүз есе,
Жөн-жосықты әділ ұстап, түзесе (443).*

*Өте жақсы бек болып ап, жол тану,
Одан жақсы әділ заңды қолдану (444).*

*Бек жақсы боп тура құрса санатын,
Елде бақыт жаяр еді қанатын (445).*

Барлық істе патша әділетті болса, әділ заңды қолданса, екі дүниеде де Құдай ондай адамды қолдап, жөн сілтеп, жақсылықтың, қуаныштың төріне шығатынын, мұндай басшының елінде халық бақытқа кенелетінін насихаттайды. Халық мақалында да бұл жайлы аз айтылмайды. Мысалы: «Әділ патша гүлстанға ұқсайды, залым патша зымыстанға ұқсайды», «Әділ би халқы үшін, залым би құлқы үшін», т.б. Сондай-ақ «Сақтықта қорлық жоқ», «Сақтанғанды құдай сақтайды» демекші басшының сергек, әр істе сақ болуын ескертеді.

Кітапта жақсы адамдарға жақсылық жаса, кедейді байытып, ашты тойындыр. Ақылды, білімді, дана болса, ондай адамға сыйлық беріп қолдау керектігін айтады. Тіпті қызметкерлеріңнің бірі абырой, атаққа ие болғысы келсе, оның ойы мен сабыры болса, абыройы мен беделін өсір. Сондай-ақ жақсы ерге жақсылық жасасаң, ол өз кемшілігін жояды, қисық адам тура боп өзгереді. Керісінше өктем, жаман адамдарға жақсылық жасамауды, ондай адамдар байыса, құлқындарының бұзылатындығын, ондайлардан алыс жүруді, ұятсыздардан сақтануды насихаттайды.

*Сен қылатын істер, патшам, – осылар,
Мұны істесең – еліңе құт қосылар.
Сонда бақыт құшағына алады,
Ізгі атың мен сөзің елде қалады (5424).*

Ж. Баласағұни кітапты аса мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен бастайды. Мұндай дәстүр исламнан кейінгі кезеңдерде орын алған. Қазақ поэзиясында исламды танып білу XI ғасырда Ж. Баласағұни өлеңдерінде көрініс тапса, XII ғасырда осы дәстүрді жалғастырушы ақын Ахмед Йүгінеки болды. А. Йүгінекидің «Ғибат-ул хақайық» дастаны

Уа, жаратушы, сені шексіз дәріптеймін.

Алдымен сенің мейірім-рақымыңнан үміт етемін [5, 47-б.], – деп басталса, ҚБ-те:

Жалғыз Құдай құдіретті көктегі,

Барлық мақтау сөзді соған төк, тегі (1), – дейді. Ал Құл Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикметі»:

Бісмиллә деп баян етейін хикмет айтып,

Тәлибтерге інжу, гаухар шаштым, міне. (Талиб – Алланы іздеуші, талапкер, яғни тариқат жолындағылар) [6, 8-б.], – деп басталады. Кез-келген істі Алланың атымен бастау – сол істің сәтті болуына Аллаға мінажат ету.

Исламнан кейін дүниеге келген осындай даналық кітаптардың бірі – Қайқауыс патшаның «Қабуснама» кітабы. Бұл кітапты 1082–1083 ж. патша 63 жасында өзінің ұлы Гиланшахқа арнап жазған. «Өмірдің жалғандығын риясыз мойындаған Қайқауыс патша да өзінің қартайғандығын баяндай келіп, «Балам, менің дүниедегі жиып-терген ең қымбат, асыл заттарым – саған арнап жазған осы үгіт-насихат кітабым», – депті [7, 115-б.]. Ол кітабының алғашқы бөлімін Алла тағаланы танудан бастайды: «Біріншіден, Алланың бірлігін, барлығын мойындатуға ықылас-сенімнің берік болсын. Өйткені көп адамдар оны мойындамау салдарынан көңілі қараңғыланып азғындайды. Ал көңілі пәк, таза жандар адаспайды» [7, 5-б.]. Бұл еңбекте де Алланың құдірет күші мен сипаттары, оған шүкіршілік ету, Пайғамбардың (с.а.у.) қасиетінен бастап, білім-ғылымды үйрену, ел басқарудың әдіс-тәсілдері, халықтың арасында сыйлы болу, мәртебелі болу, өзге де тұрмыс-тіршілікке қатысты ақыл-кеңестер мысал-әңгімелермен, мақал-мәтелдермен, қанатты сөздермен, өзінің өмірден түйген тұжырымды ойларымен беріледі. Қайқауыс патша – сөздің қадірін терең түсінген адам. Ол өмірдің мәнін түсінуде данышпандардың сөздерінің қаншалықты маңызды екендігін айтады. Кітап ұлына арнап жазылғандықтан, ақыл-кеңес әр уақытта ұлына қарата айтылады: «Адамның адамдық қасиетіне орай жұмыс істе. Данышпандар айтыпты: «Даналардың ақыл-насихаты көңілдің көзін ашып, жан-дүниеңді раушан етеді. Өйткені ақыл, насихат данышпандық – көзінің ағы мен қарасы, сүрмесі әрі тотыяйыны». Демек, даналар сөзін ұғып тыңдағаның жөн. Даналар сөзінде ізгі ниет, үлгі өсиет мол» [7, 96-б.]. Даналық кітаптарда көтерілген тақырыптардың алуандығына қарамастан, негізгі идея – бір. Оны шешудің жолында адамдардың бақытты өмір сүруінде, айналадағы ортамен қатар басшылықтың рөлінің жоғары екендігі мұнда да айтылады. VI ғасырда өмір сүрген Иран патшасы әділеттілігімен аты шыққан Анушированың үгіт-насихаттарының ішінде мынадай қанатты сөздерді ұлына үлгі ретінде береді: «Егер қадірлі болғың келсе, халықтың қадірін біл», «Халық сенің сөзіңе сай іс қылсын десең, сен өз сөзіңе сай іс қылғын», «Әділеттілер қатарында болғың келсе, қол астыңдағыларды өз қамқорлығыңа алып, топтастыра біл», «Егер халықтың сүйіктісі болғың келсе, көпшіліктің мұң-мұқтажын жақтап сөйле», «Әрбір адам өз денесін өзі билей алса, өзгені де бағындыра алады. Кімде-кім өзін-өзі билеп, ілім мен өнер үйренген жағдайда ғана баянды бақытқа қолы жетеді», т.б. [7, 18-б.]. Мұнда тікелей падишаның қызметі емес, падишаға қызмет ету мен жәрдемші болудың қыр-сырына, әдістеріне тоқталып, айла-шарғыларына дейін әңгімелейді, дегенмен падишаға адал, әділетті, білімді, іскер болып, ырыс, дәулетке ие болғаннан соң халыққа көмектесуін, пайдасы тиюін ескертеді. Үлкен лауазымды қызметті тек өз басыңның пайдасы, жаныңның рақаты үшін емес, халыққа қайырымдылық жасау үшін істе дегенді айтады.

Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге шақырады, өнерді үйреніп, қажеттілікке жарата білуге үндейді.

Алланы сөзсіз ақиқат деп тану ғұлама ғалым, Аристотельден кейін екінші ұстаз атанған әл-Фараби бабамыздан бастау алғанын естен шығармауымыз керек. әл-Фараби : «Жаратқан иенің барлық нәрсені білуі, естуі, көруі, сөйлеуі, жаратылуы және барлық нәрсеге құдіретті болуы мен даналығын тәжірибе арқылы емес, терең ой-өрісінен туындаған ақылмен тани аламыз. Ол – дүниедегі ең дана, ең күшті, құдіретті үкім жүргізуші. Ең жоғарғы ұлылықтың, кереметтіліктің, құрмет пен ізеттіліктің, мейірімділік пен шапағаттың иесі. Оның жаратылғандарға ұқсамайтын себебі, оның орнын көрсету, уақытын айту мен сипаттау мүмкін емес, ол жалғыз, ортағы жоқ», – деп баяндайды. әл-Фараби Алланың құдірет күшіне шек келтірмейді. Бүкіл әлемді, табиғатты жаратқан – Алла. Адамзат бақытқа қол жеткізу

үшін осы әлемді танып, білуге, сол арқылы ақиқатты, шындықты ашуға ұмтылады. әл-Фарабидің фәлсафалық ғылыми ойлары дінмен ұштасып келеді. Себебі ғұлама ғалым Алланың бүкіл әлемді ғылыми тұрғыда жаратқандығын түсініп, оның сырларын ашуға барлық күш-жігерін жұмсады. Өкінішке орай, соңғы уақыттарға дейін гуманизмге толы Құран, хадистерге күдікпен қарап, олардың ғұлама ойшылдарымызға тигізген әсерлері, жалпы Шығыс халықтарының рухани және қоғамдық дамуына ықпалы жөнінде жеткілікті дәрежеде айта алмай келеміз. Бабамыздың салып кеткен жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнегеге айналды. Қай кезеңдерде болсын ұлтымыздың төл мәдениеті ұрпақтар сабақтастығының қайнарынан сусындап, замандар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиесін негізге алады.

Әл-Фараби музыка, философия, табиғаттану, әдебиет т.б. ғылымдармен қатар қоғам, мемлекет және саясат туралы да көптеген мазмұнды пікірлер айтты. Өзі өмір сүрген ортадағы халықтың ахуалын түсіне отырып, қоғамдағы болып жататын әлеуметтік қайшылықтарды шешу мақсатында терең зерттеулер жүргізді және қоғамдық мәселелерді шешудің жолдарын көрсетуге тырысты. Қала, мемлекет, оның түрлері туралы, мемлекетке бірігудің түпкі мақсаты, бақыттылыққа жетудің жолдары мен тәсілдері туралы айтады. Мемлекетті басқаруда халықты шын бақытқа жеткізетін басшы қарапайым, білімді, әділ болуы керек. әл-Фараби ізгілікті мемлекетті дұрыс басқаруда басшының бойында болуы керек он екі жақсы қасиетті санамалап береді. Бұл қасиеттердің бір адамның бойынан табылуы қиын екенін түсініп, мұндай жағдайда басшының алты қасиетке ие болып, өзінен бұрынғылардың заңы мен дәстүрін білуі керектігін айтады. Аталған ерекшеліктердің барлығы бір адамның бойынан табылмаған жағдайда екі адам басқарады деген. Ізгілікті және мешеу қала деп бөлуде әр қаланың адамдары өз дәрежесіне қарай бақытты қалай түсінетіндігін айтады.

Әл-Фараби Құран Кәрімде көрсетілген өмір салтын ескере отырып, «Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз ... Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз, шын мәнінде, қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз», – дейді де, енді бір жерде біліммен қатар әрекеттің болуы да керек екенін айтады: «Білім мен әрекет тән болған [түрі] – ақырына дейін жеткізіліп аяқтаушы әрекет. Егер бұл нәрселерді білудің қасында әрекет болмаса, онда ол білімде негіз жоқ, мақсат жоқ. Ал [ақыл-парасаттың] білім бар да, әрекет жоқ болатын [түрі] тек білімде ғана ақырына дейін жеткізіліп аяқталады. Осы екі түрдің әрбіреуі қайсыбір өнерлерді қамтиды» [8, 33-б.].

Ұлы ғалым қоғамдағы барлық проблемаларды шешіп, бақытқа қол жеткізудегі негізгі күш білім мен ақыл-парасат деп біледі.

Адамдар жеке-дара емес, қоғамда бір-бірімен достық, қайырымдылық қарым-қатынаста өмір сүруі керек. Адамдар бақытты болу үшін әкім қаланы басқаруда бақыт орнатуды мақсаты және өмірлік ұстанымы етіп алса, қала тұрғындарының бақытты болуы әкімнің бақытты болуымен байланысты деп есептейді. Мұндағы «қала» деп отырғаны – мемлекет, яғни адамдардың бақытты болуы тікелей мемлекет басшысына байланысты. Сондықтан да болар, нағыз әкімнің қандай болуы жайында бірнеше жерде айтылады.

«Нағыз әкім. Ол – бірінші басшы, сондықтан оның бойында ұштасқан алты қасиет болуы керек: даналық, асқан пайымдағыштық, қалтқысыз сендіру [қабілеті], өте жақсы қиялдау [қабілеті], қасиетті [ғазауат] соғысты өзі бас болып жүргізу қабілеті және оның денесінде қасиетті соғыспен байланысты істерді жүргізуге бөгет жасайтын ешнәрсенің болмауы. Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық іс-әрекеттерде кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады» [8, 236-б.].

Ғалым ел басқару ісіне жете көңіл бөледі.

«Ал абсолюттік мағынада бірінші басшы дегеніміз кім? Бұл басқа біреудің басшылығын мүлдем керек етпейтін және ғылымдары мен білімдерінің жетілгені сонша, бұл жөнінде өзіне басшылық ететін басқа адамға мүлдем тәуелді болмайтын дәрежеде шын жетілген адам; істелуге тиісті нәрсенің барлығын жеке-жеке егжей-тегжейіне дейін білуге қабілеті болу оған [міндет] емес, бұл адам оның [өзі] білетіндердің барлығы жөнінде басқалардың бәріне тамаша басшылық етуге қабілетті; бұл адам өзі күні бұрын бейім жұмыстың ішінде бірдеңесін орындауға жарайтын адамның қандайын болсын пайдалануға қабілетті; бұл адам бақытқа [жеткізетін] әрекеттерді белгілеуге және оларға бағыт сілтеуге тамаша қабілетті» [8, 133-б.].

Әл-Фараби мұнан өзге қандай адамдар басшы бола алады деген сұраққа да жан-жақты жауап береді. Басшыға қатысты жағымды, жағымсыз мінез-құлықтары мен ішкі пиғылы, рухани дүниесіне қатысты философиялық ой-тұжырымдарын жасайды.

Адамдар арасындағы қатынас, адам бойындағы қабілет өте шебер бейнеленген. Бір адамдар қандай мақсатқа жеткізетінін білмесе де, өзіне тапсырылғанды орындауға жақсы бейімделеді. Мұндай адам әрдайым қалада қызметші болады; ол жаратылысында басшы болмайды, құл болады, ал басқалары бағынышты да, басшы да болады, – дейді.

«Құл мен қызметші орындауға шебер болған істің бәрінде басшы басқаларды пайдалануға шебер болуға тиіс» [8, 240-б.]. Мұнда басшының ұйымдастырушылық қабілеті жайлы айтылады.

Қанша ғасыр өтсе де, өз мәнін жоймаған ғалымның парасатты ойлары бүгінгі күннің мақсаттарымен сәйкес келіп жатады. Мысалы, басшыға берілген «шын жетілген адам» сипаты бүгінгі күн тұрғысынан да өз мәнін жойған жоқ, соңғы уақыттарда жастар арасында насихатталып жүрген Абайдың «Толық адам» ілімімен сабақтасады. Абай өзінің 38-қара сөзінде: «мұсылман болдың һәм толық инсаниятың бар болады» дейді (мұндағы инсаният *ар.* – адамгершілік, адамзат ілімі, адамзат табиғаты) [9, 134-б.]. Осы қара сөздің тағы бір жерінде: «Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей нихаятсыз болады. Оның нихаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді» (нихаятсыз *ар.* шексіз, өлшеусіз) [9, 141-б.]. Түркі ойшылдарының басты мұраты – адамгершілігі жоғары ұрпақ қалыптастыру, сол арқылы жетілген, мәдениетті қоғам құру болса, бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім туралы тұжырымдамасы да ойлы, өнерлі, білімді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Ұстаздың басты мақсаты – шәкірттерін білім нәрімен сусындап, ғылымның негізін меңгерумен қатар, адам болуға баулу. Сондықтан жас ұрпақты тәрбиелеуде осы сынды ұлттық құндылықтарымызды ұлттық тәрбие берудің алтын дiңгегi ретiнде қолданудың тәсiлдерiн, жолдарын қарастырған маңызды. Әрине, халқымыздың ұлттық құндылықтары, салт-дәстүрі, наным-сенімі ислам дінінің қағидаларынан тыс қалыптасты дей алмаймыз, ислам дінінің талаптарынан, ғұламалардың осы сынды құнды пікірлерінен бастау алғандығы анық. Тіл халықтың менталитетін, өзін қоршаған ортаның туындысы болып табылатын сана-сезімінің, таным-жүйесінің көрінісі ретінде зерттелетіндіктен, халқымызға тән осы бір қанатты, нақыл сөздердің талданып берілгені жөн.

Әл-Фарабидің «Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақыт жолын сілтеу», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты шығармаларында айтылған адамды ізгілікке бастайтын этикалық, эстетикалық көзқарастар кейінгі А. Йүгінеки, Ж. Баласағұни сынды ақындарымызға үлгі-өнеге болған сияқты. Бұл еңбектердің тәлім-тәрбиелік мағынасы жағынан үндес болып келуінің өзі ислам дінінің шариғат талаптарынан туындауына байланысты болу керек. А. Йүгінеки Құраннан, хадистерден араб тілінде мысалдар келтіре отырып, соған қатысты өз көзқарасын өлеңмен береді. Имран сүресіндегі (жоғарыда берілген) ойларды ақын былай жеткізеді:

Құдайым (сен үшін) күн мен түнді жаратты

*Кезегімен алмасып, бірінен соң бірі өтіп жатады.
Күніңді кетіріп қараңғы түн етеді,
Күніңді келтіріп қайтадан жарық таң етеді.
Өліні тірі, тіріні өлі
Етеді. Мұны [кезінде] көресің. Жақсылап ұқ!
Бұл құдіреттің иесі – ұлы бір Құдай
Өлгендерді тірілту оған оп-оңай (Хh 13-20).*

Билікке қолы жеткен адамның қандай болуы керектігі жайлы былай дейді:

*Ұлықтыққа қолың жетсе, өз [қалтыңнан] жаңылма.
Егер атлас кисең, [бір кезде киген] бөзіңді ұмытпа,
Дәрежең үлкейген сайын ұстамдырақ болып,
Үлкенге-кішіге сыпайы сөйле [5, 61-б.].*

Мұнда да басшы мен қарапайым адамдар арасындағы, бай мен кедей арасындағы қарым-қатынаста үлкен мәнге ие кішіпейілділік сөз болады. Ақын даналық кітабында адамға тән адамгершілік қасиеттерді жетілдіру, мінез-құлық қағидаларын сақтау арқылы заманды жақсартуға болады деп ойлайды.

«Диуани хикмет» – Жаратушының хақиқат ілімінен хабар беретін даналық жиынтығы екені даусыз. Яғни, бұл даналық адамның аузынан шыққаны болмаса, Құран мен хадистер сияқты адамзатқа тура жол көрсетіп тұрған, ғайыптан берілген мистикалық ілім деп қабылдағанымыз дұрыс [6, 7-б.]. Ол жайында Құл Қожа Ахмет Йасауидің өзі былай дейді:

*Менің хикметтерімнің кені хадис,
Кісі нәр алмаса ол хабис...*

*Менің хикметтерім пәрмені Сұбхан,
Оқып білсең, бар мағынасы – Құран [6, 287-б.].* А. Йасауи де әділетті қоғамды арман етті. Көрнекті ғалым Қ. Жұбанов А. Йасауидің 128-«Хикметінің» түсінігін былай берді:

*Хош дәулетдүр уалаятта патша болса,
Ғаділ болып, бір момынды қазы қылса.
Ошал қазы барша халықни рази қылса,
Разлықден ұжмақ үйін алұр болғай.*

«Ауыл-аймақтарымызда әділ патша болса, ол патша бір момын адамнан қазы сайлап, ол қазы әділдікпен ауылдағы барлық адамдардың көңілін тауып, разы қылып отырған болса, қандай жақсы болар еді! Халықты разы қылғандары үшін, сондай патша мен қазылар ақиретте (өлгеннен соңғы дүниеде) ұжмақ үйіне ие болған болар еді» [10, 311-б.]. Мұхаммед (с.а.у) хадистерінде патша мен қол астындағыларға қатысты әдептілік қағидалары берілген. Ғұламалардың ел басқару ісі жайлы ойлары осы хадистермен сабақтасып келеді. Мысалы: «Мұсылмандардың ісін басқара тұрып, қоластындағылардың игілігі үшін әрекет етпеген және оларға пейілі ақ болмаған кез келген басшы олармен бірге жәннатқа кірмейді», т.б. [11, 200-б.].

Сондықтан бұл кітаптардың қыры мен сыры әлі толықтай ашыла қойған жоқ.

Қорытынды

Ақылдың кені, даналықтың сарқылмас қазынасы болған осы сынды кітаптар қай заманда да өз құндылығын сақтап қалатындығы анық, себебі бұларда бабаларымыздың дүниетанымы, ғұмыр тәжірибесі, ақыл-парасаты, болмысы, асыл арманы жатыр. Көзі ашық, көкірегі ояу әрбір азамат бұл туындылардан жүрегіне жақын, рухани жан дүниесіне азық боларлық көптеген дүниелерді ала алады. Тәуелсіздігін алып, жаңадан мемлекет болып құрылған елдің өзгелерден үйренері көп. әл-Фараби бабамыз айтқандай, Ізгілікті қала (мемлекет) тұрғындары және оның басшылары қандай болу керек деген сұраққа жауап осы кітаптарда ашып, анық айтылған. Ізгілікті қала (мемлекет) тұрғындары мен оның басшыларына, өзге де адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қойылатын талаптар бүгінгі

күнгі жеке тұлға тәрбиелеуге қойылатын талаптармен астасып жатыр. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бұл сынды даналық кітаптары ғылыми тұрғыдан зерттелініп, құнды пікірлер, күнделікті тіршілікке қажетті ғибратты ойлар халық арасында насихаттала түсу керек.

Abstract. Not limited to the genre, the structure of the work and the ideological content in the study of man and related issues in the science of modern literature, the artistic concept of personality is also widely considered. The article analyzes the artistic concept of personality in the novel-dilogy of the outstanding figure of modern Kazakh literature A. Nurpeisov «Final respects» («Songy paryz»). Undoubtedly, the author occupies a «dominant» place both in the performance of the work, and in its plot-compositional structure, and in the peculiarities of the language. However, according to the terms of the work of art, it is a natural phenomenon that the entire author's position of the writer is assigned to the main character. The article emphasizes this condition when learning the artistic concept of personality. In the novel based on the flow of thought, the psychological conflict between Jadiger-Bakizat-Azim is not measured only by personal values, but continues with the problem of the Aral Sea in the 60–80s of the twentieth century.

The impact of an ecological catastrophe on humanity and the backlash of nature to human abuse are especially vividly depicted in the novel along with the plight of fishermen led by Jadiger. Dedication and responsibility, boundless love for the native land are the values that bind the personalities of the author–Jadiger-Elaman («Blood and Sweat» trilogy). Intolerance to excessive harm and blindness are their common positions. The desire of the heroes to self-knowledge in difficult times, their own attitude to life and determination, as well as the place of a person in society found an artistic solution in the destinies of the heroes. The image of the sea in the novel performed chronotopic and accumulative functions. The originality of the artistic time is individualized. Critical moments on the border between life and death not only reveal the human individuality of the characters, but also make changes in their understanding of life. Such artistic features of the novel are taken as an object of analysis.

Keywords: the artistic concept of personality, connection with life, subjectivity and generalization, author, artistic image.

У. Саменкызы¹, Р. Турысбек², Селами Федакар³

¹*PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: ulpan.samenkyzy@mail.ru*

²*доктор филологических наук, профессор
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: rst58@mail.ru*

³*доктор, профессор
Университет Еге
(Турция, г. Измир), e-mail: salami.fedakar@ege.edu.tr*

Художественная концепция личности в романе А. Нурпеисова «Последний долг (Соңғы парыз)»

Аннотация. В современной литературоведческой науке при изучении человека и связанных с ним вопросов широкое место занимает художественная концепция личности, не ограничиваясь жанром, структурой произведения и идейным содержанием. В статье анализируется художественная концепция личности в романе-дилогии выдающегося деятеля современной казахской литературы А. Нурпеисова «Последний долг (Соңғы парыз)». Несомненно, в исполнении произведения, сюжетно-композиционной структуре, специфике языка автор занимает «доминирующее» место. Однако, согласно условиям художественного произведения, естественно, что вся авторская позиция писателя закреплена за главным героем. В познании художественной концепции личности в статье особое внимание было уделено данному условию. В романе, построенном на потоке мысли, психологический конфликт между Жадыгером-Бакизатом-Азимом измеряется не только личными ценностями, но и продолжается проблемой Аральского моря 60-80-х годов XX века.

Последствия экологической катастрофы для человечества и ответная реакция природы на жесткое обращение человека, в романе особенно ярко изображены в единстве с тяжелым положением рыбаков во главе с Жадыгером. Самоотверженность и ответственность, безграничная любовь к родной земле – ценности, связывающие личности автора-Жадыгера-Еламана (трилогия «Кровь и пот»). Нетерпимость к чрезмерным злоупотреблениям, невежеству – их общие принципы. Стремление героев к самопознанию в трудную минуту, собственный взгляд на жизнь и решимость, место человека в обществе нашли художественное решение на фоне судеб героев. Образ моря в романе выполняет хронотопическую и обобщающую функции. Своеобразие художественного времени особо выделено. Моменты противостояния жизни и смерти во время отчаянной борьбы на ледоходе не только раскрывают человеческую индивидуальность образов, но и вносят изменения в их понимание жизни. В научной статье такие художественные особенности романа взяты в качестве объекта анализа.

Ключевые слова: художественная концепция личности, связь с жизнью, субъективность и обобщение, автор, художественный образ.

Кіріспе

Орыс әдебиеттану ғылымында тұлғаның көркемдік концепциясы өткен ғасырдың 50-60-жылдарынан бастап біршама жиі қарастырылғаны аңғарылады. «Тұлға концепциясы» деген терминді алғаш рет белгілі әдебиеттанушы ғалым Л.И. Тимофеев өз еңбегінде 1950-жылдардың орта кезінде қолданған. Бұрын әдебиеттану ғылымында «қаһарман», «бейне», «мінез», «адам» деген терминдер пайдаланылса, енді «тұлғаның көркемдік концепциясы» ғылыми атау орын алды. Т.А. Кранощекованың «Концепция человека в творчестве Всеволода Иванова» (1963), Э.Т. Османованың «Художественная концепция личности в литературах Советского Востока (традиции и современность)» (1977), тағы басқа еңбектер бұған дәлел [1, 1-б.]. Бұл үрдіс кейін де жалғасып, көптеген зерттеу еңбектері жазылып, диссертациялық жұмыстар қорғалған [2–8]. «Тұлғаның көркемдік концепциясы» деп нақ осылай аталмағанмен, қазақ әдебиеттану ғылымында да бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылды. Автор-кейіпкер-қоғам-адамдық құндылық мәселесі қандай да бір зерттеулердің өзекті объектісі саналды. Әдебиеттанушы М. Оразбектің «Автор және шығармашылық процесс» зерттеуінде тұтас туынды жүйесіндегі автор концепциясы композициялық-сюжеттік ерекшеліктермен бірге қарастырылды [9].

Тұлғаның көркемдік концепциясы, әдебиеттанушы ғалымдардың пікірінше, көркем шығарманы талдаудың басты негізі. Бұл категория жазушы жасаған барлық образдарды тануға мүмкіндік береді. Адам өмірінің мағынасы мен мәні, халықтың ұлттық болмысы анықталады. Автордың өмір құбылыстарына деген бағасы мен дүниенің тұтастығы жөніндегі философиялық-суреткерлік көзқарасы қамтылады. Жазушының өзіндік көркемдік әлемін ашуға, әдеби-эстетикалық көзқарастарының ерекшелігін, эстетикалық мұратының негізгі мәнін тануға мүмкіндік беріледі.

Бұл туралы әдебиеттанушы Л.А. Колобаева былай дейді: «Художественная концепция личности понятие, отражающее совокупность идей, взглядов, принципов видения, постижения и изображения человека как личности в определенном литературном контексте. Художественная концепция личности как основа творческого сознания писателя является центром, который определяет характер, эстетические законы не столько одного произведения, сколько всего творчества в целом или отдельных его этапов» [10, 35–36-бб.].

Тұтастай алғанда, тұлғаның көркемдік концепциясы қарастырылған жеке шығарманы, не жазушы шығармашылығын толық талдауға жол ашады. Дарынды жазушының шығармасында ірі-ұсақ кейіпкер деген болмайды. Қандай образ болмасын, автор идеясын жеткізуге, тұлғаның көркемдік концепциясын ашуға қызмет жасайды. А. Байтұрсынұлының бұл жөніндегі: «Ұлы әңгіме (роман – Ұ.С.) өңшең үлкен оқиғалармен болмай, ұсақ істерден де өнеге көрсетуге тырысады», - деген ғылыми тұжырымы бүгінгі әдебиеттану ғылымында маңызын жойған жоқ [11, 327-б.].

Зерттеу әдістері

Мақаланың зерттеу объектісіне сәйкес биографиялық, тарихи-әдеуметтік, құрылымдық-сипаттамалық, герменевтикалық, психоаналитикалық, кешенді әдіс-тәсілдер ғылыми басшылыққа алынды.

Талдау мен нәтижелер

Ә. Нұрпейісов (1924–2022) – қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы. Оның «Соңғы парыз» роман-дилогиясы – Тәуелсіздік кезең әдебиетіне өзіндік көркемдік-идеялық жаңалық әкелген модерндік үлгідегі, мың қатпарлы шығарма. Жазушының туындысы туралы көптеген құнды пікірлер айтылып, мақалалар жазылды. Н. Худайбергеновтың «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар (1991–2016)» диссертациясында шығарма жалпыадамдық құндылықтар тұрғысынан біршама талданған [12, 163-б.].

Роман тұтасымен ой ағымына құрылған. Үш басты кейіпкер – Жәдігер, Бәкізат, Әзім – арасындағы адами-психологиялық тартыс тек жеке бастық құндылықпен шектелмей, ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы қоғамдық-әлеуметтік, экологиялық өткір мәселелермен ұштасқан. Жалпы, жазушыны ерекше толғантқан басты мәселе – ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап Арал теңізінің сол кездегі биліктің солақай саясатының ықпалымен құрғай бастауы. Теңізге құятын суы мол Амудария, Сырдария өзендері халық шаруашылығы – мақта, күріш деп жан-жаққа каналдармен есепсіз бөлінді. Амудария суы тіпті Қарақұм каналы арқылы ысылдаған құмды алқапқа бұрылды. Нәтижесінде, ықылым заманнан бірде тасып, бірде тартылып жататын жаратылыстың жауһары Арал теңізінің суы қайтты. Бұл қолдан жасалған зор экологиялық апат болатын. «Әлеуметтік факторлар – жазушының шығармашылық тағдырындағы маңызды күш» [13, 83-б.], - деп белгілі әдебиеттанушы Р. Нұрғали жазғандай, жазушы Ә. Нұрпейісов сол өңірдің перзенті ретінде адамзат қолымен жасалған қасіреттің зардабын терең сезінді. Арал балықшыларының өмірінен «Қан мен тер» атты трилогиясын жазған автордың бұл тақырыпта бейтарап қалуы мүмкін емес-ті. Қаламгердің ұзақ жылдар бойы толғатып жазылған «Соңғы парыз» шығармасы – ХХ ғасырдың 60–80-жылдарындағы Арал теңізі өңірі тұрғындарының басынан кешкен психологиялық-әлеуметтік қасіретінің тұтас көркемдік полотносына айналды.

Әдеби туындының көркемдік-идеялық қуаты жазушының шығармашылық ойлау дәрежесімен, өрелі дүниетаным және суреткерлік шеберлікпен тығыз байланысты. Роман-диалогиядағы әрбір кейіпкер, сөз жоқ, автордың шығармашылық еңбегінің жемісі. Осы ретте кейіпкер мен автор арасындағы көзге көріне бермейтін, бірақ көңілмен сезінетін нәзік те нақты байланыс барлығы аңғарылады. Автор бас қаһарманға етене жақын болып, оған өзін толғантқан, күйзелткен ішкі жан дүниесінің бар шындығы мен азаматтық-суреткерлік позициясын жүктеуі мүмкін. Ондай әдеби тұлғамен автордың жан-жүрегі бірге соғады. Шамырқанатын жерде бірге шамырқанып, тасынатын тұста бірге тасынады. Сюжеттің шиеленісті даму кезеңдері мен шарықтау шегіне жеткенде де, қаһарман автор танымы мен көзқарасы тұрғысынан әрекет жасайды. Сөйтіп ол кәсібі, адамдық тағдыры жағынан автордың тікелей өзі болып көрінбесе де, оның ішкі рухының сәулесі, қайраткерлік тұлғасы болып танылады.

«Соңғы парыз» роман-диалогиясындағы Жәдігер осындай күрделі міндет арқалаған тұлға. Шығармадағы тұлға концепциясы туралы сөз қозғағанда, *автор-Жәдігер байланысы* алдыңғы ретте назарға ілігуі сондықтан. Жазушы өзінің барлық суреткерлік мақсат-мұраты мен азаматтық позициясын осы образға жүктеген. Роман басындағы енді мұз боп қатып ұстаса бастаған теңіз бетіне шығып, жағалаудан ұзап кетіп, әр қилы ой кешіп, өз-өзімен алысатын Жәдігердің автордың өзі болуы ықтимал. Шығармадағы мезгіл мен мекенге кепілдік беру артық болар, бірақ жазушының туған жерге оралған сайын, жағалаудан алыстап кеткен теңізге қарап ой кешкені даусыз. Бір кездегі шалқыған теңіздің ойдым-ойдым сорға, қаңсып жатқан шаңдақты қу медиен далаға айналғаны жүректі сұққылап ауыртқаны күмәнсіз. Сондайда оның ойына осы Жәдігер образының сұлбасы келген болар-ау. Өзге де сюжеттік арналар бірте-бірте айқындалып, уақыттың мерез шындығын ашуда сол кезеңнің идеологиясы мен тұлкібұлаң саясатының міндетін арқалаған Өзім бейнесі жазушы көңілінде туындаған шығар. Қаһарман және антиқаһарманның адамдық келбетін даралауда «өмірі зая» Бәкизат тағдыры сыр-шерімен ойға оралған болар. Романның жазылу психологиясы осындай ойларға жетелейді. Өйткені, жазушының өзін толғантқан идеясын, өмір шындығын кейіпкерлер тағдыры, олардың арасындағы күшті тартыс арқылы жеткізуі шығармашылық заңдылығы. Сондықтан да Жәдігер образы мен автор арасындағы көзге көрінбейтін байланысты жоққа шығара алмаймыз.

Жанкештілік пен жауапкершілік, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік – Жәдігер образының басты болмысы. Экологиялық апаттан төнген барлық қайғы-қасіретті ол балықшы ауылдың қарапайым адамдарымен тең көтереді. Азапты жайлар мен қауіпті сәттерді тайсалмай басынан бірге өткереді. Бірақ сонда да жеңілдеп жатқан бейнет жоқ. Өйткені, адамзатқа төнген қауіп-қатердің бетін жеке тұлғаның жан айқайымен, жансебіл әрекетімен тоқтату мүмкін емес-ті. Түн ұйқысын төрт бөліп, жан азабын кешкен бас қаһарманның қабылдауымен, іс-әрекетімен, шексіз күйзелісімен Арал аймағының сол уақыттағы ащы шындығы, теріс саясаттың зардабы көркемдік көрінісін табады. Ресей жазушысы Н. Анастасьев бұл жөнінде: «Теңіз тартылып жатыр. Кезінде балық тулаған тордың мыңсан көзінде бүгінде қысыр жел ойнайды. Кезінде ел сыңсыған жағалау, құба белдер бүгінде құлазып жатыр. Әбдіжәміл диалогиясы тірілткен өмір сиқы осындай. Қаны сорғалаған сормаңдай тақырып. Жаралы жан азабы. Осынау алақандай балықшы ауыл тағдырының сыртында бұлаңдап әлем қасіреті бой көрсеткендей» [14] дейді. Шыны сол: жазушы романының реализмі мен қаһарманның жан дүниесін ақтарған ащы запыраны – психологизмі осыны аңғартады. Адамзат бір замандарда шалқыған теңіз қалай жойылды, теңізді жағалай қоныстанған халық кәсібінен айырылып, қандай қасірет шекті деген сұрақтың сан алуан жауабын дәл осы роман-диалогиядан табары анық. Жазушы Арал қасіретінің қат-қабат шындығын жалаң публицистикаға салынбай, өмірдің өзінен алынған сюжеттік арна-тартыспен, әр алуан көркем детальдермен шебер ашады. Көркем жинақтау,

өмір шындығының көркемдік шындыққа айналуы, оны Ә. Нұрпейісовке тән құнарлы стильмен бейнеленуі - автордың ұзақ жылдарға жалғасқан табанды ізденіс-еңбегі мен өзіне биік талап қоюының нәтижесі. Берекесі кеткен ауыл, аурушаң, мүгедек балалардың көптеп дүниеге келуі, теңіздің тартылуынан шатқаяқтаған шаруашылық, нәсібінен ажырап, болашақтан күдер үзген ауыл адамдарының жаппай қоныс аударуы, балықшылардың үйден безіп, су жағалаған сергелдең күйі – айтар ауызға жеңіл болғанмен, романдағы жанды құлазытатын ауыр да шыншыл көріністер.

Жылы ұясынан безініп, күні бойы мұз болып қатқан теңіз бетінде, ызғырық желдің өтінде тұрғанда, оның жанын қинаған екі ұдай сезім бар. Бірі – еңбегі еш, тұзы сорға айналған балықшы ауылдың тірлігі, тартылып, суы ашыған теңіздің жайы болса, екіншісі – күйреуге бет алған өз отбасының жайы. Екеуі де Жәдігер үшін қымбат. Автордың бір-бірімен ұштасқан осындай өткір проблемаларды қамшы өріміндегі тығыз сабақтастыруы – романның мазмұнын, көтерер идеялық-көркемдік жүгін еселеп арттырған. Романда адамдық мәселелері жапсырма емес, образ табиғатынан, ішкі қайнауынан туындап жатады.

Жәдігер тұлғасының көркемдік концепциясы – адалдық, қайсарлық және жанкештілік. Сырттай томырық, онша көп ашылып сөйлей бермейтін оның жүрегі таза. Туған жердің қасіретін бар таза көңілімен қабылдайды. Міне, осы адамдық құндылық «Қан мен тер» трилогиясының басты қаһарманы Еламанға да табиғи екені аңғарылады. Бұл кездейсоқтық па? Біздіңше, кездейсоқтық емес. Автордың өз тұлғасынан осы белгілер байқалады. Жазушының «Қан мен тер» трилогиясы мен «Соңғы парыз» роман-дилогиясының жазылу тарихынан автордың өзіне қоятын тым жоғары талабы, үздіксіз жанкешті еңбегі мен алған мақсатынан таймайтын бірбеттілігі танылады. Автордың өз бойындағы осы ешкімге ұқсамайтын бөлекше бітімдер қаһармандарына ауысқан тәрізді. Сондықтан да Еламан, Жәдігер бойындағы ортақ адамдық құндылықтарды, біздіңше, сырттан іздеудің қажеттілігі жоқ.

Екі шығарманың фонында – теңіз. Әр алуан күйге енген теңіздің жанды бейнесін суреттеуде жазушы қаламы ұшқыр. Былайғы адамдар біле бермейтін теңізшілердің, балықшылардың тілінде ғана кездесетін лексикондарды орнымен қолданады. Бұл ретте авторды «Теңіз жыршысы» деп айтуға толық негіз бар.

«Теңіз үстінің дауылы тіпті қатты еді. Қара дауыл қу қайықты қанбақтай ұшырып әкеледі. Теңіз күші бойына сыймай қайнап жатыр; ереуіл толқындар қыр көрсеткендей үйдей-үйдей боп теңіз бетіне жұлқынып ойнап шығады; онан сайын Жалмұраттың зәресі ұшты. Андрей есіп келеді. Көңілінде қорқыныш бар. Қайық-майығымен суық дүние құшағына кіріп бара жатқанын байқады. Үстінде түнерген аспан; табанының асты түпсіз құрдым; ары басқан сайын айнала төңіректі суық мұнар басып, түнеріп, бар әлемді бір-ақ уыс қып сығып барады, жағадан алыстаған сайын толқындар есіре түсті; бұларға сәт сайын қаһарын төгіп, гүрілдеп кеп, қайықты төсімен қағып жібереді. Қайық төңкеріле жаздап, қырындап кетеді; сөйткенше болмай, кейінгі жақтан екінші толқын шап беріп қу қайықты лебімен тартып, іліп әкетеді; бас еркінен айырылған қайық бойын жинай алмай, малтығып, екі қапталымен су сабалай бастайды» [15, 36-б.].

«Әзім өлетінін өзі де білді. Жәдігер сияқты жанталасып, олай-бұлай жүгірмек түгіл, сәл қозғалса да тайып жығылатындай тілерсегі дірілдеп әкетіп барады. Бәкізатқа ықтап тұрып айнала төңірекке көз тастап еді; бұлар ыққалы көз аштырмай сабалап жауып тұрған қар шынында да кілт тыйылған екен. Бірақ, есесіне ашық теңіз үстінің адуын желі бұрынғыдан да гөрі күшіне мініп есіріп кетіпті. Түбіне дейін шайқалып кеткен теңіз қап-қара боп қайнап жатыр. Теңіз беті толған сең. Арыстан жалданып гүрілдеген үйдей-үйдей толқын арасында ыққа қарай сапырылысып жөңкіген тоқымдай-тоқымдай сеңдер «ә» деген Әзімге қасқыр қуған қой сияктанып кетті. Әсіресе, аз аяда ұйлығып, жанталасып қалғанда олар да қошқарша бір-бірімен сарт-сұрт сүзісіп, күштісі әлсізін күтірлетіп күл-талқанын шығарады

да, сосын бұлт арасынан түскен бозамық сәуле астында қап-қара боп қайнап жатқан теңізде жоны бұлтылдап шапқылап бара жатады» [16, 356-б.].

Екі шығармада теңіз, ыққан сең үсті - әрекет алаңы. Автор долданған теңіз бейнесін суреттеуде жалаңдыққа бармай, қаһарман көңілімен параллель алады. Әр кейіпкердің теңіз дүлейін қабылдауы мен түйсінуі басқаша. Бұл, біріншіден, табиғат аясын бейнелеуде қайталауға бармай, көркем мәтінге тың нақыш-баяу әкелсе, екіншіден, кейіпкер қабылдауындағы теңіз сұрапылы оның мінезінен хабар береді. Өзім алғашқы сәттен-ақ өмірден түңілген, сондықтан қиындыққа қарсы тұруға дәрменсіз. Табиғат пен адам байланысы барлық көркем шығармалардың ортақ арқауы. Табиғаттың бейнесінсіз, мекен-мезгілсіз көркем шығарма болмайды. Ә. Нұрпейісов туындыларындағы теңіз табиғатының өзгешелігі – айқас алаңының шарықтау шегінде көрінуі. Аяусыз табиғаттың құрсауына түскен қаһарман өмір үшін күреседі, бір бәсең сәтте өткен өмірін саралап, ой сонарына түседі. Бұл әдебиеттегі бұрыннан белгілі көркемдік тәсіл болғанмен, әр қаһарманның жеке тағдыры, өмір жолы – автор концепциясы шығармаға тың мазмұн береді. Жазушының суреткерлік қарымы неғұрлым кең болған сайын қаһарманның жан дүниесінің иірімдері соншалықты жан-жақты ашыла түседі. Ажалмен бетпе-бет келген оның өзінен де, өзгеден де жасырары жоқ. Өкінішін де, көңіліне медеу тұтар адамға жасаған жақсылығын да еске алады. Сөйтіп табиғаттың осындай қиын қыспағына іліккен қаһарманның ішкі әлеміндегі қопарылыс образды адамшылық тұрғыдан да, пендешілік, қуыс кеуде жағдайынан да хабар беріп, даралай түседі. Олардың әрқайсысы бір-біріне мүлде ұқсамастай дара да қарама-қарсы. Қимыл-әрекеттері әркелкі. Бірі тіршілік үшін арпалысса, бірі мұрнынан сорасы ағып дәрменсіз күй кешеді. Келесі бір эпизодта серігін теңіз құрдымынан құтқарып жатып, аяғын ойыққа қарасанына дейін тығып алады. Қатал табиғаттың аяусыздығы да, жазушы қаламының реалистік қуаты да осында. Ешқандай аяушылық, мүсіркеу жоқ. Үскірік аязда Жәдігердің аяғы тез үсі бастайды. Шығармадағы буырқанған теңіз, ыққан сең сөйтіп аяусыз сынақ алаңына айналған.

Бір қарағанда біртоға, тұйық болып көрінетін Еламан бойындағы дүлей күш пен ішкі қайсарлықтың жарқ етіп көрінетін тұсы – Арал балықшыларына зорлық-зомбылығы шектен тыс өткен Тентек Шодырды сүйменмен ұрып өлтіруі. Еламан әбден ашынған. Адамның амандығын сұрамай, «ау-құралдарың қайда?» деген озбырдың сұрағы ашу тұнған көзін мүлде байлап тастаған. Мұндай қайсарлық пен бірбеттілік Жәдігер образынан да байқалады. Әншейінде сабырлы, төзімді көрінетін оның бойынан кей сәтте дүлей күш жарқ етіп көрінеді. Рулық намысты қоздырып, аттандап келген туысы Сар Шаяның берекесіз тірлігі мен парықсыз көрсоқырлығына шыдамай, оның үстіне ой қажытқан Жәдігердің «мінез» көрсететіні бар. Қалай дегенде, шектен шыққан қиянатқа, ағайынның арасын бұзар көрсоқырлыққа Еламанның да, Жәдігердің де жаны төзбейді. Шарт сынады. Оның салдары кейін қалай болады, ойланып жатпайды, ойлантуға ішкі дүлей күш сол сәтте мұрсат бермейді.

Еламан мен Жәдігер Арал теңізі жағасында қоныстанған балықшылардың әр буын өкілдері саналғанмен, оларды туыстыратын ортақ адами қасиеттер екі шығармада осылай өріледі. Уақыты теңіздің қайтуымен тұспа-тұс келген Жәдігер кешегі аға буын балықшыларды ұмытпайды. Олардың теңіз жағасындағы ескі жұрты мен олар жөніндегі ел аузында сақталған сан қилы әңгімелер, тұз жортуылшысы Кәлен хикаясы көңіліне жақын. Өзін солардың дәстүрін жалғастырушы, ізбасары сезінеді. Олар жүріп өткен жол, жер-төбе, қырат-баурай, теңіз қойнаулары романда сол атауымен аталады. Жәдігер – өткен тарихты, дәстүр-салтты саралаған көңілі ашық жан. Оның бойында қазақы мінез, сенім мықты. Әсіресе оның анасымен арасындағы қарым-қатынас пен түсінік қазақы мінез, наным-сенімге, сыйластыққа бай. Ана мен бала бір-бірімен үнсіз-ақ түсініседі. Анасы баласының жүрегінің

тазалығын, біреуге қылдай қиянат жасамайтын мәрттігін қандай жақсы білсе, Жәдігер де қарт анасының сабырлы кейпін, Алла деген қанағатшылдығын жан-жүрегімен сезінеді.

Дегенмен, Жәдігер – ХХ ғасырдың 60-70-жылдарының өкілі. Кеңес мектебінде оқып, тәлім-тәрбие алған, кейін астанадан жоғары оқу орнын бітіріп, балықшы ауылына басқарма басшысы болып оралады. Оның басындағы тартыс, қарама-қарсылық, ең алдымен, қоғамдық жүйемен байланысты дамиды. Теңіз қайту үстінде, су ашыған. Бұрынғыдай балық жоқ. Балықшылар теңіз жағалап, ауылдан ұзап, айлап-апталап кеткенмен, ауларына жарытып балық түспейді. Еңбектері зая кеткен балықшылар ашулы. Аудан басшылығы «жоспар, жоспар» деп дігерлеп мазаны алады. Романда кеңестік кезеңдегі шаруашылықтағы шалағайлық пен бюрократизм бейнеленген. Шын жағдайды, оның түп себебін анықтап-біліп жатқан ешкім жоқ. Білетіндері - бекітілген жоспардың қалайда орындалу қажеттігі. Шығармадағы шырғалаң тірліктің бір себебі осыдан туындап жатады. Тұтастай алғанда, роман социалистік жүйенің берекесіздігіне, сыңаржақ өктемдігіне қарсы пафосқа құрылған. Рас, Жәдігер қоғамға ашық қарсы шықпайды. Ондай ой жоқ. Дегенмен, жағымпаздық пен өтірік айтуға, бос мақтан мен даңғазаға толы жергілікті билікке іштей наразылығы уақыт өткен сайын күшейе түседі. Әйелі Бәкизат қанша жетелегенмен, олардың ортасына сіңісе алмайды. Жағымпаздық пен ортаға сай құбылу қолынан келмейді. Тоғышарлыққа тойып, кекірік атқан биліктен жерінеді. Оның әйелінің алдында «мәдениетті» болып көрінгісі келген тірлігі де жүзеге аспай жатады. Астанадан келген әйеліне алдынан горшокке отырғызылған гүл алып шыққанда, естіген сөзі «Есің дұрыс емес шығар...» болады. Осы эпизодтың соңында астарлы мағынаға құрылған абзац беріледі: «Құдай ондағанда Арал стансасының бет алдындағы алаңда бала бойындай бәкене тұғырға қондырған ұлы көсемнің бюсты тұратын. Қуанып кеттің. Жұрттың көзін ала бере жүгіріп бардың да, әлде бір кезде Аралдың қолы ұсынықты бір баласы ақ гипстен үйтіп-бүйтіп ұсқынын келтірген тақыр бас көсемнің бюстысының дәл түбіне көк жапырақтары жалпылдаған кішкентай құмыра горшокты қоя салды. Сосын былай ұзай бере артына бұрылып қарап еді; көк жапырақтар жел астында жалп-жалп... Ал ұлы көсемнің тұла бойында құс саңғымаған сау-тамтық жоқ екен!» [16, 52-б.]. Ирония қаһарман-автордың өктем билікке деген көзқарасын аңғартқандай.

Өзгерген табиғат, әлеуметтік жағдай, жеке бастық түсініспеушілік Жәдігердің жан дүниесіне үлкен өзгерістер әкелген. Роман басындағы Жәдігер мен роман соңындағы Жәдігерде үлкен айырмашылық бар. Бастапқыда сүйген қызына қолының жетіп, отау құрғанына қанағаттанғандық сезімде болған. Оның түп себебін зерттеуді ойламаған. Өзін бақытты сезінген. Бірақ өмірдің шын талқысы бәрін бірте-бірте орнына қояды екен. Отбасын құруда жолы болмапты. Шешесінің қамқорлығындағы алғашқы ұл дүниеге мүгедек болып келді. Екінші қызы енесінің араласуымен өзіне жат болып барады. Құдды бір қуыршақ. Енесі секілді жылтырағанға, сән-салтанатқа құмар. Дүниенің бар қызығын тек жылтыр сұлулықпен өлшейтін психологиямен өсіп келеді. Ал әйелі Бәкизат уақыт өте келе мұның күндіз-түн теңіз жағалаған ебіл-себіл балықшылық тірлігіне көндіге алар емес. Сұрқай өмір-тірлік Бәкизатты жалықтырып, күйеуінен алыстата түскен. Күйеу баласын «Еңбек озаты» деп үнемі кекесін-мысқылмен атайтын енесінің сөзі де, түсінігі де қызына әсер еткен. Оның бер жағында Бәкизаттың астанаға демалысқа барып, бұрынғы «сүйіктісі» Әзіммен кездесуі желіктіре түскен. Романда экология зардабымен қатар отбасылық интрига параллель өрбиді. Бұл арқылы шығармада адамдық құндылық мәселесі көтерілген. Сырттай суық, қабағы қатыңқы Жәдігердің жаны адал. Оның өз жұмысына адалдығы мен адамдық қасиеті қостағы балықшылар ортасында жақсы танылады. Әйелі Бәкизатқа «барамын да қайтамын» деп уәде бергенмен, балықшылардың қостағы ауыр тірлігі мен ауға балық ілікпеген қажыңқы көңіл-күйін көргенде, оларды мұндай азапты жағдайда қалдырып кетуге ар-ұяты жетпейді. Шешуші сәтте әлі толық қата қоймаған қауіпті мұз үстімен машинамен өтіп, ана-мына адамның қолынан келмейтін жанкештілік танытады. Неге басын өлімге тігіп, тәуекелге

барды? Өзі айтпақшы, «ит тірлік» оны да әбден қажытқан. Балықшылардың үй, жылы төсек көрмей, апталап, айлап су жағалап жүргені жанына аяздай батқан. Уысқа енді түскелі тұрған балықтан айырылу – оған өліммен тең көрінген. «Жоспар, жоспар» деп дікендеген аудан басшылары анау. Болса, болмаса да отбасының берекесі қашқан. Мұны түсінер, жанын ұғар әйелі Бәкизат жоқ. Міне, осындай алмағайып сәтте тосын ой келіп, тәуекелге барады. Соның арқасында балықшылар «қамау балыққа» кенеліп, бір ырғап-жырғап қалады. Жазушы бұл сәтті романда аса шеберлікпен суреттейді. Бас қаһарманның өмір мен өлім беттескен алай-дүлей көңіл-күйі, жарыса жамырап, айқайласып жатқан балықшылардың жан даусы, машинаның рөліне ұмтылған шофер жігіт, қалай да тоқтау салғысы келген бәсекелес колхоз төрағасының доңайбат айқайы, машина дөңгелегі астында сықырлап, неше алуан күйге түсіп жатқан жас мұз – жаратылыс бейнесі қат-қабат жарыстырыла суреттеліп, динамика күшейтілген. Былайғы кезде біртоға басшының бойынан бір-ақ сәтте жарқырап көрінетін қайсарлық пен көзсіз ерлік оның адамдық тұлғасын даралай түседі.

Тұлға концепциясында адамның өзін-өзі тануға ұмтылысына айрықша мән беріледі. Жалпы әдебиеттің басты сипаты да – адамтануға құрылуында. Адамтану – күрделі құбылыс. Адам физиологиялық жағынан тұрақты болғанмен, қоғам-заман талабына сай жан дүниелік, адамдық тұрғыдан үлкен өзгерістерге, жаңашылдыққа бейім келеді. Жаңарған қоғам адамнан жаңа сапаны талап етеді. Қазіргі уақыт та солай жаңа талап-міндетке құрылған. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Өзгерісті әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Әрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет. Құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруға тиіс» [17], - деді. «Қан мен тер» трилогиясындағы Еламанның күрескерлік тұлғасы қым-қуыт революция, азамат соғысы жылдарының шындығымен сәйкес бейнеленеді. Қоғамнан, өз ортасынан тыс қаһарман тұлғаланбайды. «Соңғы парыз» дилогиясындағы Жәдігерді де өз қоғамының, ортасының проблемасы толғантады. Сөйте тұра әрбір образ – индивид. Қаһарманның ішкі сырының ашылуы үшін шығармада түрлі ситуациялар мен сын сәттер болуы шарт. Оған ішкі және тысқы факторлар күшті ықпал етіп жатуы тиіс. «Қай дәуірдегі болсын, заман болмысы тартыс арқылы жасалады және шебер шешімін тапқан тартыс заман болмысы дегенді жайдақ, жалаңаш түрде емес, күрделі әрі кесек адам бітіміне жинақтап көрсетеді» [18, 181-б.], - деп жазады академик З. Қабдолов. Шын мәнінде, жеке тұлға тағдыры арқылы заман, қоғам шындығы мәселесінің өткір көтерілуі - көркем шығарманың басты ерекшелігі. Онсыз оның публицистикадан айырмашылығы болмас еді.

«Соңғы парыз» дилогиясында қаһармандардың өзін-өзі тануына ерекше мән беріледі. Романның «Сондай да бір күн болған» бірінші кітабы Жәдігердің өзін-өзі тануына бағытталса, «Сондай да бір түн болған» екінші кітабы Жәдігер-Бәкизат-Өзімнің ішкі монологтеріне құрылады. Психологиялық талдауға негізделген эпикалық туындыда сюжеттің кейінгі орынға ығысуы заңдылық. Бұл жөнінде Ж. Жарылғаповтың: «Модернистік әдебиеттің «сана ағымы» концепциясына иек артуы прозалық шығармалардың құрылымдық жүйесіне бірқатар өзгешеліктер алып келді. Автордың субъективті позициясынан өрістейтін толассыз ой ағындары мен кейіпкердің күрделі монологтары сюжет рөлін мейлінше төмендетті» [19, 100-б.], - деген пікірі негізді саналады. Романның бірінші кітабының басында мұз басқан теңіз жағалауынан әжептәуір ұзап кетіп, жалғыз өзі селтиіп тұрған Жәдігермен кезігеміз. Ызғарлы желдің өтінде оның жағдайы келісіп тұрған жоқ. Жанын жеген сан сұрақ бар. Сан сұрақтың жауабы оңай табылар емес. Романда мезгіл мен мекен, көркемдік уақыт ерекше көркемдік қызмет атқарады. Адамның ой-санасының шексіз мүмкіндігі, он жыл бұрынғы оқиға мен шындықтың кейіпкер көңілінде қайта жаңғырып, күні кеше ғана болғандай көрінуі – шығарманың құрылымына әсер еткен. Бас қаһарманның еске алып, іштей саралайтын оқиға-көріністерінде де жүйелілік, реттілік жоқ. Жанын не тебіренетеді, соған сәйкес өткен күндердің елесі ой түкпірінен жылт етіп оянып, еске алынып,

қайта екшеледі. Мұндай күрделі суреттеу – қос арна – шындықтың, ортаның реалды бейнесі мен қаһарман ой-сезімі, толғанысының бір-біріне сіңісіп көркем өрілуі жазушыдан шеберлікті талап етеді. Жазушы мұны сәтті орындаған. Автордың стильдік даралығы да осы реалды болмыс пен қаһарман ой-сезімін біріктіре шебер суреттеуінен көрінеді. Бұл ыңғайда автордың қаламы бапты. Асығыстыққа, атүстілікке жол бермейді. Әр сөзді екшеп орнымен қолданады. Кейіпкер психологиясына тән әрбір мезетті қалт жібермейді. Ойдың басталу деталін орынды табады. Кейіпкер ойланды дей салмай, сол ойлануға себеп болған детальді үнемі назарда ұстайды. «Ұзын қара кісі соңында шұбаландап жатқан ізіне қарап тұр: әлгінде келген жағына көз салғалы артына бұрылғанда, назары осы ізге түсті де, жанарын ала алмай арбалып қалғаны. Неге бүйтті? Оны өзі білген жоқ; бар білгені – соңына салған мына сілбу іздің қимылынан сөлекет бірдеңе сезе ме, қалай?» [16, 5-б.]. Із – жазушы суреттеуінде символдік мәнге ие. Іздің қар бетіне түсуінде әр қилы мән бар. Бірде қадамын ширақ басқан із байқалса, енді бірде ой жетегіне кетіп, одан шыға алмаған адамның қиыр-шиыр, бұралаң ізі көзге түседі. Бұралаң ізбен Жәдігердің өмір жолының арасындағы ұқсастық аңғарылып, тұтас монологтік ой кешуге жалғасады.

Монолог – романда көбіне-көп өз-өзіне риза емес көңілдің сан алуан сұрағына жауап іздеуден басталады. Жалпы, монологтың құрылымдық бастауында сұраулық мағынадағы сөйлемдерге басымдық берілуінің заңдылық негізі бар деп білеміз: «Неге күлді? Ізге ме? Өзіне ме? Соның қайсысы болса да, Құдай біледі, бетіне шапқан тағы бір реніш жүрегін де өртеп кетті. Іші де ит талағандай алау-далау болар-ау? Кім білсін, Бәкизаттың жүйкесін құртып біткен мына сылбыр із бүгін бұның да шамына тиіп, өшін кімнен аларын білмей тұрма? Кімнен? Адам шіркіннің кінәлі өзі болса да, кінәні басқадан іздейтіні не? Міне, бұ да басындағы бар пәлені өзінен, өзінің болып-болған болмысынан көрмей, әлдебір ізден көретіні не? Айтса да, бүгін жерге сыймай, жаны ширыққанда бұны алды-артына қаратпай, аңыраған ашық теңізге қуып әкелген із емес еді ғой? Қайта осы ізді осы араға сүйретіп әкелген бұның өзі емес пе еді? Иә, өзі еді. Есі дұрыс кісі, сірә, ізді өзінен, өзін ізден айырма?» [16, 14-б.]. Қат-қабат сұраулық мағынадағы сөйлемдер – монологтың стильдік сипатының бір белгісі. Ой кешу, ең алдымен, жанды мазалаған сан сауалға жауап іздеуден негіз алады десек, оның формалық көрінісі – сұраулық мағынадағы сөйлемдер екені белгілі. Монологте сұрау сөйлемдер көбіне қысқа қайырылып, көңіл әуеніне орай түрленіп отырады. Сұрақ жауап, сұраққа қарсы сұрақ, сұрақтан сұрақ туындау, сұраққа қарсы айтылар уәж, ішкі айтыс, қарсылық, соған орай бастан өткен оқиғаның еске түсуі, оқиғаны талдау, сол сәтте аңғарыла қоймаған кейбір мәселелердің қайта жаңғыруы, өз басындағы жайды бағалау, немесе қайта қарау – романдағы монолог табиғаты. Өткен өмірді еске түсіргенде, қаһарманның көңілін әлдебір ащы өкініш үнемі тілгілеп өтеді. Әйел затына қол көтеру – өзін дұрыс санағанмен, ішкі себебі болғанмен, артық кету екен. Қанша жерден адал болғанмен, әйел көңілін өзіне күштеп бұрамын деу – ақымақшылық. Монологте Жәдігер өзіне-өзі ырза емес. Ыңғайға орай өзгере салу, «қайта тәрбиелену» оның қолынан келмепті. Осының таяғын мына тіршілікте аямай-ақ жеп келеді екен. Қаһарман – өзіне сыншыл. Өз-өзіне қатты келу, аямау – монологтің ішкі тартысын күшейтіп, образдың жан-жақты ашылуына мүмкіндік жасаған. Әрбір адам түпсіз күрделі құбылыс десек, олардың ішкі әлемінің бір-біріне мүлде ұқсамай, тіпті кереғар болып жатуы заңдылық. Бұл туралы: «Жер бетіндегі әрбір адам өмір туралы, өмірдің мазмұны жайлы өзінше толғанып, өзінше пайымдаулар жасайды. Әрбір адам өзінің өткен өміріне, бүгінгі күн тұрғысынан өзінің пайымдауымен баға береді» [20,97], - дейді А. Нусупова. Монолог – психологиялық шығармадағы образды ашудың басты көркемдік амал-тәсілінің біріне айналған.

Жәдігердің ішкі жан дүниесінің суреттелуінде түс көрудің орны ерекше. Шаршаңқы көңілдің түс көруі де үнемі көңіл қорқынышымен ұштасып жатады. Әлдебір Көк өгіз қамаудағы суды сарқып ішіп кетіпті дейді. Қостағы балықшылар үрейі ұша қорқыпты. Көк

өгіз – мифтік аңыз кейіпкері. Жерді алып мүйізімен көтеріп тұратын көк өгіз осы. Сарқынды суды бір-ақ жұтып ішіп салатын көк өгіз осы. Әйтеуір, жұтқын. Жәдігер шошына, қорқа оянады. Түстің мәні суы тартылып, мәні қашқан теңізбен, су жағалап, «теңіз қашағанын» қуып әбден сілікпесі шыққан балықшылардың қажыңқы көңіл-күйімен байланысты екені сөзсіз.

Монологте өзін-өзі мінездеу, өз портретін, не қарсылас кейіпкер портретін беру, оқиға орнын, табиғатты суреттеу, еске алумен оқиғаны баяндау, диалогтер рет-ыңғайымен қолданыла береді. Өзінің сыртқы келбетінің суреттелуінде «ұзын қара кісі...» тіркесі көп пайдаланса, өзіне мінездеме беруде «ит мінез» сөзі жиі қолданылады. Монологтегі өз-өзіне мінездеме де, кейіпкер портреті де ой иесінің симпатиясымен беріледі. «Бұныңды Бәкизат көрмеді. Бәкизат көргенде ащы мысқыл шапқан әдемі бетін саған бұрмай, тек қара көздің қиығын қадай тастар еді; бетіндегі мысқыл қара көздің жанарына көшкенше сазара қарап тұрар еді де, сосын: «ай, сенің осы ит мінезің-ай!» деп, сонан артық түк айтпай, бұрылып жүре берер еді.

«Иә, ит мінез! Қайта, дер кезінде үйден кетіп қалып абырой болды. Әйтпегенде, кім білсін, алаңғасар неме ашу үстінде не істеп саларын» [16, 12-б.]. Портрет пен мінездеу қабат келген ой-толғауда қаһарман ойы жетекші рөл атқарады. Бұдан соңғы авторлық баяндау да қаһарман ойымен жалғасады. «Қанша күннен бері жанын жеген ыза мен күйікті бұл сыртына шығармай, ішінен тынып, өз қасіретіне өзі уланып жүргенде... Қап, не қыласың, Сары Шаяның... Сол пәленің жер астынан шыққандай сап ете қалғанын қайтерсің. Былайғы уақытта да қара аспанды қапылтып жүретін неме, әсіресе осы жолы үйі өртеніп бара жатқандай үстіне емпендеп кірсін. Басынан бөркін жұлып алмағанда әлде қайтер еді?» [16, 12-б.] Монологтің стильдік сипаты күрделі. Бірінші жақтық баяндау жігін білдірмей үшінші жақтық баяндаумен ауыса салады. Монологке бәрі сыйымды. Қаһарман көзімен берілетін суреттеу де, мінездеу де, бейнеленетін объектіге субъективті көзқарас та. Ал мұның бәрі түштеп келгенде, қаһарман болмысын, мінезін тереңнен аша түседі.

Жәдігер – қоғам проблемасын көтерген тұлға. Арал теңізі бұрынғыдай кемеріне келіп шалқып жатса, мұндай шырғалаң оның басында туындамас еді деп ойлайсың. Романда экологиялық апат жалаң суреттелмей, тұрмыстық-әлеуметтік мәселелермен байланыстырылады. Жәдігерге әлдебір есеппен тұрмысқа шыққан Бәкизаттың қалада тұратын, академик атағы дүркіреген бұрынғы «сүйгені» Әзіммен қайта жолығуы басын шырғалаңға салған. Романның екінші кітабында Жәдігер, Бәкизат, Әзімнің түнде ашық теңізде сеңмен ығуы, аласапыран теңіз бейнесі мен ышқынған дауылдың соғуы, қаһармандардың әр алуан әрекеттері мен психологиясы шебер суреттелген. Осы қиын сәтте Бәкизаттың көңілінде «аспандап» тұрған Әзімнің шын бейнесі, сипаты ашылады. Ыққан сең теңіз қойнауындағы түбекке бір сәт тірелгенде, жанын қайттаған ол «сүйгені» Бәкизатқа қарамай, жағаға ышқына қашады. Теңізде қайта дауыл көтеріліп, сең ашық теңізге қарай ыққанда, табиғаттың аласапыран дүлейімен Жәдігер мен Бәкизат тағы да бетпе-бет қалады. Арпалысты сәтте мұз ойылып, «ұзын қара кісі» аяғын ұйыққа белуарына дейін тығып алған. Ол сіресіп мұз болып қатады. Бәкизат оның амандығын тілеп, қанша әрекет жасағанмен, бәрі кеш еді. Осы эпизодтағы Бәкизаттың шындыққа жете алмай дағдарған көңіл-күйі мен күйзелісі романда кеңінен бейнеленген. Жанын сауғалап, алды-артына қарамай тұра қашқан Әзім Бәкизаттың көңілінде шын келбетін ашса, Жәдігердің адалдығын, ерік-жігерінің мықтылығын, азаматтығын, мәрттігін таниды. Құдайдан ендігі жерде оның амандығын тілейді. Бірақ бәрі кеш, бос-мағынасыз болатын. Жазушы Ә. Кекілбаев: «Біздің прозамыз бен драматургиямызда жаңа ағым басталғандай. Оған «зая ғұмыр әдебиеті» деп ат қойсақ жарасатындай» [21, 463-б.], - дейді. Шынында, осы концепцияда терең мән бар тәрізді. Роман соңындағы Жәдігердің өлімі – Арал балықшыларының күйреген үміті тәрізді. Ықылым заманнан жасап келе жатқан жаратылыстың тамаша тумасы – Арал теңізі өлді! Адам

қолымен, биліктің солақай саясатымен өлтірілді. Табиғат-Анаға жасалған қастандықты Құдай кешер ме екен? Жаратылыс гармониясының бұзылуы жақсылық әкеле ме? Қазірдің өзінде адамзат күрделі жайларға кез болып отыр. Өліп жатқан Жәдігердің тонының ішінен бір кезде паналап тығылған кішкентай торғай – тіршілік иесі пыр етіп ұшып шығады. Бұл теңіз тіршілігінен күдер үзбей, ғайыптан тілек тілеген әлсіз үміт белгісі болар. Жәдігер өлімінің философиялық мәні неде? Ең алдымен, ол басында қандай қиын жағдай болса да, жан тазалығын, адалдығын сақтай алды. Туған жерге, теңізге деген сүйіспеншілігін, қызметін кеміткен емес. Кешегі күнгі Арал теңізі жұртшылығының бар қайғы-қасіреті мен азапты тірлігі осы образға жинақталып берілген. Әзім – шартты бейне. Сол уақыттағы қоғамның рупоры. Жалаң пысықтық пен мансапқұмарлық – өмірінің басты қазығы. Романның соңында ол да қызметінен айырылып, өмірдегі орны тайғанақтай бастайды. Өйткені, негізі жоқ жалған идея, даурықпа-даңғаза бәрібір оны алысқа апармайтын еді. Өмірді «есеппен» сүруді үйренген ол Бәкізатты ешқашан сүйген емес. Бәкізаттың өмірі аянышты. Алтын дегені жез болып шықты, ал тағдыр қосқан азаматын тірлігінде бағалай алмады. Бәкізат тағдырынан жазушының «Қан мен тер» трилогиясындағы бір кездері әдемі сұлу жігіт, болыс Тәңірбергенге ғашық болып, жылы орнынан безіп, жүрек қалауымен сергелдең күй кешкен Ақбала тағдыры еске түседі. Роман осындай күрделі тартысқа құрылған. Әр образдың астарында терең әлеуметтік-адамдық шындық бар.

«Шығармашылық ерекшелік жоқ жерде – жазушы жоқ» [22, 13-б.] дейді белгілі сыншы-ғалым Қ. Ергөбек. Ә. Нұрпейісов романының ерекшелігі – қаһармандарының соншалықты айқындығы, бедерлігі. Жәдігер, Бәкізат, Әзім образдарын бір-бірімен ешуақытта шатастырмайсың. Ішкі жан дүниесімен қопарыла суреттелген кейіпкерлер – бір-бір құз-жартас секілді. Бір-бірімен жалғасып жатқанмен, бөлек-бөлек. Автор тіпті эпизодтық кейіпкерлерінің өзін соншалықты даралап суреттейді. «Қан мен тердегі» екі үйдің арасына сөз тасып, ауыл-үйдің өсегінің көрігін қыздырушы Қарақатын, берекесіз Судыр Ахмет, оқырана мырс етіп, тік шаншылып отыратын Сүйеу қарт, алып денелі, жортуылшы Кәлен оқырманның көз алдында соншалықты өзгеше бітімімен сақталып қалады. «Соңғы парыз» романындағы Көткеншек Көшен мен Сар Шая да солардың жалғасы. Қазақ ауылында әлі де сақталып қалған берекесіздік пен кері кеткендіктің символындай екеуінің көткеншектесуін автор жеріне жеткізе бейнелейді. Күле отырып, жылағың келеді. Роман басындағы Жәдігермен әңгімелесіп отырып, шыбын қуалап кететін Жуан Жақайымның портреті де сол күйі ойында берік сақталып қалады: «Жуан қара шошқа жон жауырынын шиқылдақ орындықтың арқасына жыға сап, шалқалап қарқ-қарқ күлді. Алдына өңгерген көпшіктей қарынның кіндіктен төмен тұсы күлгенде іркілдеп, бүлк-бүлк етті. Алқымы толған бұғақ та бүлк-бүлк. Ұрты салбыраған екі бет те бүлк-бүлк. Бітік көзі тіпті жұмылып кеткен. Ха-ха-а... Пысынаған кішкентай кабинетті басына көтеріп бара жатқан қарқылын ол кенет тиып, әлдеқайдан ұшып кірген бармақтай қара шыбынға қалт етіп арбалды да қалды. Үй ішінде жүріп алған шыбынның ізін аңдып, бір төмен түсіп айнала ызылдап жүріп алған шыбынның ізін аңдып, қолында желпуіш қып отырған газетті шоқпарша көтеріп апты» [16, 10-б.]. Сол Жуан Жақайым кейін өйтіп-бүйтіп кандидаттық қорғап, Әзімнің қарамағындағы білдей ғылыми қызметкер болады. Жай қызметкер емес, бастығының шашбауын көтеріп, неше алуан қитұрқы істердің басы-қасында жүреді. Жалғандық пен жағымпаздық кернеген ғылыми ортаның шырақшысына айналады. Бір кездері айтқандары жүріп, жер асты суларының карталарын сызып даңғазалатқанмен, бәрібір жалғандық алысқа ұзамайды. Осы штрихтерден ғылымды жайлаған бюрократизм елес береді.

Қорытынды

Қазіргі әдебиеттану ғылымының көркем туындыны талдау үдерісінде автор және тұлғаның көркемдік концепциясына айрықша мән беру басты сипатқа айналған. Шындығына келгенде, шығарма – автордың көркем ойының жемісі. Жазушының дүниетанымы мен

суреткерлік ұстанымы, өзі өмір кешкен қоғамда қандай жағдай ерекше толқытты, қандай адамдық құндылықты жоғары бағалап, нені жек көрді, орта шындығы туындыдағы кейіпкерлер тағдыры арқылы көрініп жатады. Әр кейіпкердің ар жағында автордың жүйеленген, қорытылған көркемдік әлемі бар. Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» роман-диалогиясындағы осы ерекшелік анықталды.

Шығарманың көркемдік концепциясына назар аудару сол туындының ғана емес, автордың бүкіл шығармашылығының ортақ тіні мен басты бағытын, суреткерлік позициясын айқындауға мүмкіндік береді. Алғашқы «Күткен күн» романынан басталған шығармашылық желі «Қан мен тер» трилогиясында дамытылса, «Соңғы парыз» роман-диалогиясында шырқау биікке көтерілгені аңғарылады. Басты тақырып – Арал теңізі балықшыларының тағдыры. Әр алуан характерлер алдыңнан шығады. XX ғасырдың басындағы ұлы төңкеріс кезінде зорлық пен зұлымдыққа қарсы күрессе, ел басына қатер төнген соғыс уақытында қолына қару алып, бозбала болып қан майданға аттанады, 60-жылдардан басталған экологиялық апат жан дүниесіне зілбатпан ауырлық түсіреді. Романдарында бейнеленетін заман шындықтары бір жағынан жазушының ата-бабасының басынан кешкен талайлы тағдыр жолы болса, екіншіден, автордың өз өмірінің ащы сабақтары. Автор жоқты ойдан шығармайды, барды көркем нұсқалап, жүрек отын құйып, уақыт пен ортаның шыншыл полотносын жасауды, ғасырдың өзекті мәселесін көтеруді мақсат тұтқаны көрсетілді. Ішкі жан дүниенің «мың градустық домнасынан» өткізу шығармашылық психологиясының нәтижесі екені белгіленді. Сол себепті романдарының бас тұлғалары – Еламаннан, Жәдігерден – автордың мінез-қалыбын, өмір ұстанымын танимыз. Әсіресе, мақала объектісі болған «Соңғы парыз» романындағы Жәдігер образына автор қоғамның шала-дүмбілез, бюрократияшыл басшыларына деген шамырқанысын сыйғызған. Жәдігер бойындағы асыл қасиет – адалдық. Адамға деген, туған жерге, табиғатқа деген адалдық – шығармадағы басты мотив. Сең үстінде мұзға айналып, қатып өліп бара жатқан Жәдігер ақырғы деміне шейін теңізге деген адалдығынан таймайды. Жазушы Ә. Нұрпейісов те қолынан қаламы түскенше, Арал теңізінің проблемасын көтерді, теңіздің жыршысына, жоқтаушысына айналды. Автор және тұлға концепциясының ортақ бірлігі осында екендігі пайымдалды.

Жазушы адам жанының терең иірімін Бәкизат образы арқылы танытады. Бәкизат әйел жанының шындығын жан-жақты бейнелеуі жағынан М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпан, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілек, М. Әуезовтің 20-жылдардағы жазған әңгімелеріндегі қазақ әйелдері, Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» туындысындағы Ұлпан, Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романындағы Нәзира образдарын жаңа қырынан байытқан «зая өмір» иесі. Автор өмір туралы, оның ішкі қайшылығы мен күрделі тағлымы жөніндегі философиялық ой-толғамдарын осы образ арқылы ашқан. «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпанға кінә арта алмай, өмірдің күрделі болмысына, адам табиғатының соншалықты тұңғықтығына, этика заңына сыймайтын қайшылығына таң қалатының бар. Сол сияқты Бәкизат образы да қалыпты өлшемге сыймайтыны көрсетілді. «Аһ» ұрған әйел жаны, бақытына ұмтылысы, «алтын дегені жезге айналғандағы» күйзелісі, шын асылын кейін танып, тым-тым кеш қалуы – романда психологиялық тереңдікпен, реализмнің қатаң талабымен шынайы суреттеледі. Қаһарманның көркемдік концепциясын танытуда динамизм жетекші принципке айналған. Әйел бақыты – жазушы шығармашылығындағы өзіндік арна. «Қан мен тердегі» Ақбаланы қоғам болып айыптағанмен, жүрекке әмір жүрмейді. Сол секілді Бәкизатқа да «ақыл жүрмейді». Өйткені – ол жеке адам, тұлға. Жазушының әйел образдарын бейнелеудегі көркемдік принципі осыған саятыны зерделенді. Идеалды образ жасаудан автор бас тартады. Образдардың өзара ықпалдастығы романда айқын көрінген. Жәдігер-Бәкизат-Әзім тұлғалары бірін-бірі ашып, бірін-бірі сәулелендіреді. Бұл қаһарманның біреуі жоқ болса, роман идеялық-көркемдік тұтастығынан айырылып, ойсырап тұрар еді.

Ә. Нұрпейісов романдарында теңіз – мекен мен мезгіл бірлігінің көрінісі, ымырасыз айкас алаңы, характерлердің шын кейпінің бейнелену орны. Экологиялық апат пен адам тағдырының тығыз бірлікте шебер суреттелуі шығарманың көркемдік бәсін биіктетіп, автор концепциясының толыққанды ашылуына мүмкіндік жасаған. Автор концепциясы, суреткерлік мұраты – экологиялық апаттың зардабын, келешекте төндіретін қатерін адамзатқа ескерту. Адам табиғаттың қожайыны емес, табиғат – адамның алтын бесігі, тіршілік көзі. Бүгін табиғатқа залал келтірсең, ертең табиғаттың кесірі сан еселеп алдыңнан шығуы мүмкін. Экология – қазіргі уақытта ғаламдық тақырып. Соның қатарында Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының алатын орны айрықша екені анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сиюхов С.Н. Особенности понятия «Художественная концепция личности // Вестник Майкопского государственного технологического университета. – 2014. – №3. [Электронды ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-ponyatiya-hudozhestvennaya-kontseptsiya-lichnosti> (қаралған күні: 25.11.2021)
2. Бабшанова Г.Н. Художественная концепция личности в прозе сибирско-татарских писателей XX века: Занкиев Я.К., Сулейманов Б.В.: дисс. ... канд. филол. наук. – Тобольск, 2009. – 150 с.
3. Гапон Е.С. Художественная концепция личности в творчестве В.Г. Распутина 1990–2000-х гг.: дисс. ... канд. филол. наук. – Армавир, 2001. – 167 с.
4. Гуреев В.Н. Формирование художественной концепции человека в поздний советский период // Вестник Воронежского государственного университета. Сер. Филология. Журналистика. – 2008. – №1. – С. 31–33.
5. Павлов Ю.М. Художественная концепция личности в русской и русскоязычной литературе XX века: автореф. дисс. ... д-ра филол. наук. – М.: ИМЛИ РАН, 2004. – 374 с.
6. Панеш У.М. Типологические связи и формирование художественно-эстетического единства адыгских литератур. – Майкоп: Адыг. кн. изд-во, 1990. – 285 с.
7. Урманов А.В. Поэтика прозы Александра Солженицына. – М.: Прометей, 2000. – 231 с.
8. Хуажева Н.Х. Художественная концепция личности в прозе Аскера Евтыха: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Майкоп, 1999. – 167 с.
9. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс. – Алматы: Атамұра, 2006. – 486 б.
10. Колобаева Л.А. Концепция личности в творчестве М. Горького: учебное пособие. – М.: Изд-во Московского университета, 1986. – 54 с.
11. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
12. Худайбергенов Н.Ж. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар (1991–2016): Философия докторы (PhD) ... дисс. – Алматы, 2020. – 163 б.
13. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2013. – 388 б.
14. Жақсылықов А. Ә. Нұрпейісов романдары туралы пікірлер. [Электронды ресурс]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/anurpeiisov-romandary-turaly-pikirler__12395 (қаралған күні: 25.11.2021)
15. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. – Алматы: Жазушы, 1977. – 824 б.
16. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Роман. – Алматы: Жазушы, 1999. – 472 б.
17. Тоқаев Қ. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы. 2022 жылғы 16 наурыз. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (қаралған күні: 25.11.2022)
18. Қабдолов З. Сөз өнері. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 375 б.
19. Жарылғапов Ж.Ж. Ұлттық прозадағы ағымдар типологиясы: монография. – Қарағанды: ЖШС «Арқо», 2011. – 182 б.
20. Нусупова А.Ж. Ш. Мұртазаның «Тамұқ» шығармасындағы Тұрар образы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3 (117). – Б. 91–99. <https://doi.org/10.47526.2020/2664-0686.009>

21. Кекілбайұлы Ә. Сең соққандай сергелдең. Кіт.: Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Роман. – Алматы: Жазушы, 1999. – 472 б.
22. Ерғобек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Астана: Таным, 2003. – 360 б.

REFERENCES

1. Siiuhov S.N. Osobennosti poniatiia «Hudojestvennaia koncepciia lichnosti [Features of the concept of «Artistic concept of personality»] // Vestnik Maikopskogo gosudarstvennogo tehnologicheskogo universiteta. – 2014. – №3. [Electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-ponyatiya-hudozhestvennaya-kontsepsiya-lichnosti> (qaralghan kuni: 25.11.2021) [in Russian]
2. Babshanova G.N. Hudojestvennaia koncepciia lichnosti v proze sibirsko-tatarskih pisatelei XX veka: Zankiev Ia.K., Suleimanov B.V. [The artistic concept of personality in the prose of Siberian Tatar writers of XX century: Zankiev Ya.K., Suleymanov B.V. Tobolsk]: diss. ... kand. filol. nauk. – Tobolsk, 2009. – 150 s. [in Russian]
